| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **( сөйлеуді дамыту)**<br>Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Сюжетті-рөлдік ойын** «Асханадағы қонақтар». Құралдар: алжапқыштар, ойыншық көкөністер. | **Мүсіндеу** «Тәтті бауырсақтар». Құралдар: ермексаз, тақтайша. | **Құрастыру** Легодан «Болашақтың асханасын» тұрғызу. | **Ұлттық ойын** «Ханталапай» (асық ойнау арқылы ептілікті дамыту). | **(Жапсыру)** «Жемістерге толы себет». Құралдар: түрлі-түсті қағаз, желім. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Ас дәмді болсын!». Балалардың кешкі ас алдында үстел үстін жинауға көмектесуін қадағалау. | «Ыдыстар сыңғыры». Ойыншық ыдыстарды жуып, кептіріп, өз орындарына реттеп қою. | «Менің сүйікті тағамым». Үйге қайтарда ата-анасына кешкі асқа қандай пайдалы тағам жегісі келетінін айту. | «Алжапқыштарды бүктеу». Өз бетінше киімдерін, алжапқыштарын жинап, шкафқа салу. | «Шебер аспаз» марапаты. Апта бойы ас ішу мәдениетін сақтаған балаларды ата-анасының көзінше мақтау. |

12-09.2025ж
Бекітемін
[signature]

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2025 жыл 3 апта

Топ: « Балдырған»мектепалды тобы
Балалардың жасы :5 жас
тәрбиешілер: Тугелбай А.Қ. Жумабаева Ж.Б.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Дәйексөз «Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 15.09.2025 ж | Сейсенбі 16.09.2025ж | Сәрсенбі 17.09.2025ж | Бейсенбі 18.09.2025ж | Жұма 19.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Әр баланы жылы жүзбен қарсы алу, ертеңгілік сүзгіден өткізу. **Қауіпсіздік:** «Балабақшаға келер жол». Жол ережесі туралы әңгімелесу. | Әр баланы жылы жүзбен қарсы алу, ертеңгілік сүзгіден өткізу. **Үнемді тұтыну:** «Су — алтын». Қол жуғанда суды босқа ағызбау туралы еске салу. | Әр баланы жылы жүзбен қарсы алу, ертеңгілік сүзгіден өткізу. **Қауіпсіздік:** «Топтағы өткір заттар». Қайшымен жұмыс істеу ережесі туралы сұрау | Әр баланы жылы жүзбен қарсы алу, ертеңгілік сүзгіден өткізу. **Ұлттық ойын:** «Сақина салу». Ептілік пен зейінді дамыту. | Әр баланы жылы жүзбен қарсы алу, ертеңгілік сүзгіден өткізу. **Үнемділік тұтыну:** «Қағазды аяла». Сурет салғанда қағаздың екі жағын да қолдану. |
| | Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** https://zvyki.com/song/86523669/-_kel_nshek/ **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | **Әңгімелесу:** «Баланың дәрігерден қорқуын қалай жеңуге болады?». | «Күзгі дәрумендер». Баланың иммунитетін көтеру жолдары туралы ақпарат беру. | **Сауалнама:** «Балаңыздың күн тәртібі қандай?». Ұйқы мен демалыс гигиенасын талқылау. | **Үйге тапсырма:** Баламен бірге «Алғашқы көмек қоржынында» не болатынын қарап, заттардың атын атау. | **Ақпараттық пост:** «Тіс күтімі — денсаулық негізі». Тіс тазалауды ойынға айналдыру әдістері. |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Балалар екі топқа бөлінеді. «Бір, екі, үш!» деген белгімен екі топ арқанды өзіне қарай | Дид ойын: «Дыбысынан таны» Міндеті: Есту қабілеттерін дамыту. **Музыка** | Дид ойын: «Сәйкестендіріп жина» ойыны Міндеті: түстеріне қарай ажырату **Математика негіздері** | Дид ойын: «Пирамида жинау» ойыны Міндеті: көлемін ажырату **Математика негіздері** | Дид ойын: «Бөліктерді құрастыр» ойыны Міндеті: қиынды суреттермен құрастыруды үйрету **Құрастыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тартады.<br>Қай топ белгіні өз жағына шығарса – сол жеңімпаз.<br>**Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау<br>Б.қ. аяқты жәй қойып, қол төмен алдыға, артқа қолды айналдыру. Артқа түзу, басты төмен түсірмеу.<br>4 – 5 рет қайталау.<br>2. « Насос ». Б.қ. Аяқтың арасы алшақ қол белде оңға солға иіліп « Ш – ш – ш » деп айту.<br>3. « Қайшы ».<br>Б.қ. аяқты созып отыру қолды артқа тіреп екі аяқты кезек көтеріп түсіру. Басты төмен түсіру. 6 – 8 рет қайталау.<br>4. Б.қ. алып қол белде оңға солға иілу.<br>5. Б.қ. аяқты айқастырып түрікше отырып тұру. 5 рет қайталау.<br>6. Б.қ. аяқтың ұшымен тұрып қолды ақырын жоғары көтеріп түсіру. 8 рет қайталау.<br>7. Аяқтың арасы алшақ қолды артқа тығып оңға бұрылып қолды жоғары көтеру, қолды артқа қойып солға бұрылып қолды жоғары көтеру.<br>8. Б.қ. қол белде оңға солға қолды кезек жанға созып аяқтың ұшын көтеру. Арқа түзу.<br>9. « Секіру » Б.қ. аяқты бірге қойып қол белде 20 рет секіру оң аяқ, сол аяқ кезек. 3 – 4 рет жүрумен кезектестіре. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Амандасу әдебі»<br>Мақсаты: Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог | Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін бағдаршамның | «Кім көп сөз біледі?»<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дұрыс сөйлеуге | «Күзгі жапырақ» тақпақ<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>Мақсаты: Балалардың | Тәрбиеші балаларға екі бірдей өсімдікті көрсетеді.<br>Біреуіне күнде су құямыз;<br>Екіншісіне су |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | белгілеріне сәйкес жолдан өту. сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру<br>**Бір тұтас тәрбие** | үйрету<br><br>Балалардың еркін әрекеттері<br>**Сөйлеуді дамыту** | тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>Ойын: «Аю жүрген орманда».<br>Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту<br>**Көркем әдебиет,Дене тәрбиесі** | құймаймыз.<br>Балалармен бірге бірнеше күн бойы бақылау жүргізіледі:<br>Су құйылған өсімдік жасыл, сергек болып өседі;<br>Су құйылмаған өсімдік сола бастайды.<br>Әр күннің өзгерісін сурет арқылы немесе әңгімелету арқылы белгілейді<br>**Экологиялық тәрбие** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері**<br>Штрихтау<br>**Мақсат:**<br>Жіңішке сызықтар арқылы суретті толықтыру.<br>**Тапсырма:** «Шөпті сал» – төменнен жоғары штрихтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Байланыстырып сөйлеу (диалог құру)<br>**Мақсат:**<br>Балаларды диалогке қатысуға, сұрақ қоюға, жауап беруге | **Математика негіздері**<br>«Бір» ұғымы<br>**Кіріспе:** Бір ойыншықты қолына ұстап, «Бұл нешеу?» деп сұрау. Кейін бірнеше ойыншықты көрсету.<br>**Мақсат:**<br>«Бір» ұғымын түсіндіру.<br>Бір зат пен бірнеше затты ажырата білу.<br>**Ойын-жаттығулар:**<br>«Біреуін тап» – суреттен тек бір | **Математика негіздері**<br>Біреу және көп<br>**Кіріспе:** Суреттен бір алма мен көп алманы көрсету. «Біреу қайсысы? Көбі қайсысы?»<br>**Мақсат:**<br>Біреу мен көпті ажырата білу<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Кітаптағы суреттер<br>**Мақсат:**<br>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына | **Сауат ашу негіздері**<br>Жеміс-жидектерді бояу<br>**Мақсат:**<br>Алма, алмұрт суретін сызықтан шықпай бояу.<br>**Тапсырма:** «Алма бақшасы» суретін бояу.<br><br>**Музыка**<br><br>Ән айту және сахналау<br>**Мақсат:**<br>Әнді таза айтуға дағдыландыру.<br>Ән мәтінін қимылмен сахналау.<br>**Тапсырмалар:**<br>Балалар әнін үйрену.<br>Әнді қимылмен көрсету | **Сауат ашу**<br>Дыбысты сөз ішінде табу<br>**Мақсат:**<br>Берілген дыбысты сөз ішінде таба білу.<br>**Тапсырма:** «Сиқырлы дыбыс» ойыны.<br>**Математика негіздері**<br>Жиын мен бөлік. Салыстыру<br>**Кіріспе:** Балаларға екі себеттегі алмаларды көрсету. «Қай себетте көп, қай себетте аз?»<br>**Негізгі бөлім:**<br>Жиын бөліктен үлкен, бөлік жиыннан кіші.<br>Жиын бөліктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>Әңгімелесушіні тыңдауға баулу.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Досыммен әңгіме» – екі баланың шағын сұхбаты.<br>«Менің сүйікті ойыным» тақырыбында әңгіме.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>З–с, н–ң дыбыстары<br>**Мақсат:**<br>З–с, н–ң дыбыстарын салыстыру.<br>Мұрын жолды дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Қайсысын естідің?» ойыны.<br>Сурет бойынша сөз құрастыру (зебра, сағат, нан, таң).<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Секіру жаттығулары<br>**Негізгі қимыл:** секіргіштен | затты табу.<br>«Қанша көрдің?» – тәрбиеші бір затты көрсетіп, кейін жасырып қояды.<br>Балалар санына жауап береді.<br>**Музыка**<br>Музыка тыңдау және би шығармашылығы<br>**Мақсат:**<br>Музыканың сипатына сәйкес би қимылдарын ойлап табуға ынталандыру.<br>Қиялын дамыту.<br>**Тапсырмалар:**<br>Әуен тыңдап, әр бала өз қимылын көрсетеді.<br>«Қиял биі» – музыкаға сәйкес шағын би құрастыру<br><br>**Қазақ тілі**<br>Өз ойын сөйлеммен жеткізу<br>**Мақсат:**<br>Балаларды жайылма сөйлемдер | аудару.<br>Сурет арқылы мазмұнын түсінуге үйрету.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Қай ертегі?» – сурет бойынша ертегіні табу.<br>«Суреттен әңгіме құрастыр» ойыны.<br>**Ойын-жаттығулар:**<br>«Біреуін көрсет» – бір бала тақтаға шығып, бір ғана затты көрсетеді.<br>«Көбін тап» – балалар көп заттарды қолымен көрсетеді.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу**<br>Құрастыру<br>«Менің үйім»<br>**Сурет салу:** Бояумен үйдің жалпы сұлбасын бейнелеу.<br>**Мүсіндеу:** Ермексаздан үйге қоятын кішкентай зат (гүл, | («Қуырмаш», «Достық әні»).<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Фольклор әлемі: жаңылтпаш<br>, жұмбақ, мақал-мәтелдер<br>**Мақсат:**<br>Балалардың тілін дамыту.<br>Халық даналығын таныстыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>Жұмбақ шешу (алма, күн, ай).<br>Жаңылтпаш жаттау («Қап-қара қапта қап-қара мысық бар»).<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Мектепке барамын<br>**Мақсат:**<br>Мектепке барудың маңызын түсіндіру.<br>Білім алудың болашақтағы пайдасын айту.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Мектепке дайындал» ойыны – сөмкеге қажетті құралдарды салу.<br>Әңгіме құрастыру: «Мен мектепке барғанда…». | санау.<br>**Ойын-жаттығулар:**<br>«Сана да салыстыр» – әр бөлік элементтерін санау.<br>«Кім көп?» – қай бөлікте зат көп екенін анықтау.<br>**Қорытынды:** Жиын үлкен, бөлік кіші; санау арқылы салыстыруға болады.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Р–л дыбыстары<br>**Мақсат:**<br>Р–л дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөз ішіндегі дыбыстарды ажырата білу.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Р–л қайда жасырынған?» ойыны.<br>Жаңылтпаш: «Рысбай ырылдап, лақ лақылдап тұр».<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Ырғақты қозғалыс<br>**Музыкалық қимыл:** таныс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аттап жүру, жіптен секіру.<br><br>**Жаттығулар:** қолды сермеу, тепе-теңдік сақтау.<br>**Ойын:** «Қояндар » – жарыс элементімен. | құрастыруға үйрету. Сөздерді дұрыс байланыстыру.<br>**Тапсырмалар:** Сурет бойынша 2–3 сөйлемнен әңгіме құрастыру.<br>«Сөйлемді жалғастыр» ойыны (тәрбиеші бастайды, бала жалғастырады).<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Болашақ арманым<br>**Мақсат:** Балалардың арманын тыңдау. Еңбек пен білімнің маңызын түсіндіру.<br>**Тапсырмалар:** «Өскенде кім боласың?» сурет салып айту.<br>«Кім не істейді?» мамандықтар ойыны. | ыдыс) жасау.<br>**Жапсыру:** Терезе мен есікті қағаздан қиып алып, суретке жапсыру.<br>**Құрастыру:** Конструктордан үйдің пішінін тұрғызу.<br>**Дене тәрбиесі**<br>Қол және иықты күшейту<br>**Жаттығулар:** қолды жан-жаққа сермеу, иықты айналдыру.<br>**Негізгі қимыл:** заттардың арасымен жүру, кегльдерді айналып өту.<br>**Ойын:** «Жылдам тап» – белгі бойынша қозғалысты өзгерту. | | жаттығуларды әуенге қосылып орындау.<br>**Негізгі қимыл:** әртүрлі қарқында жүру, тоқтап қалу, шашырап жүру.<br>**Ойын:** «Аңдар мен аңшылар». |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **«Дыбыс тыңдайық»** Балалардың дербес әрекеті – көзді жұмып дыбысты тыңдау, атау Қимылды **ойын – «Дыбысты** тап» (қай жақтан естіледі) Бақылау, зерттеу – жел, құс, көлік дыбысын ажырату **Еңбекке баулу** – дыбыс шығаратын сынып қоңырауын тексеру | **«Түстер әлемі»** Балалардың дербес әрекеті – түстерге сәйкес заттар жинау **Қимылды ойын** – «Түсін тап» Бақылау, зерттеу – қай түстегі зат көп екенін санау **Еңбекке баулу** – түстерге қарай ойыншықтарды сұрыптау | **«Өсімдіктің өмірі»** Балалардың дербес әрекеті – өсімдік бөліктерін атау, көрсету **Қимылды ойын** – «Гүл өсіреміз» (қимыл арқылы) Бақылау, зерттеу – жапырақ пен гүлдің айырмашылығын табу **Еңбекке баулу –** өсімдік түбін қопсыту | **«Құстар достарымыз»** Балалардың дербес әрекеті – құстарға жем шашу **Қимылды ойын** – «Ұш, қаздар!» Бақылау, зерттеу – құстың ұшу бағытын қадағалау **Еңбекке баулу** – жем салғышты тазалау | **«Жолдағы белгілер»** Балалардың дербес әрекеті – жол белгілерін тану, атау **Қимылды ойын** – «Бағдаршам» Бақылау, зерттеу – көліктің тоқтауы мен жүруін бақылау **Еңбекке баулу** – жаяу жүргінші жолын тазалау |
| **2 таңғы ас** | **«Мәдениетті бала»:** Майлықты (салфетка) қолдану және үстел басында түзу отыру. Тағамды дыбыс шығармай шайнау әдебін 0алыптастыру | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту (5-7 минут):** Баяу, жағымды музыка қойылады. Балаларды аттарынан атап, еркелетіп ояту. Жаттығулар төсекте жатып басталады (созылу, аяқ басын қимылдату). | **Денсаулық жолы:** Түрлі фактуралы (қатты, жұмсақ, кедір-бұдыр) кілемшелер үстімен жүру. | **Тыныс алу гимнастикасы:** Өкпенің жұмысын жақсарту үшін «уф-уф», «піс-піс» дыбыстарын шығару. | **Сумен шынықтыру:** Ұйқыдан соң қолды шынтаққа дейін салқын сумен жуу. | **Ауа режимі:** Оянудан 10-15 минут бұрын бөлмені желдетіп алу керек (бірақ балалар жатқанда сквозняк болмауы тиіс). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру. **математика негіздері** Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды қамырды пайдаланып мүсін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерді тізбектеп жапсыру. **Сурет салу,** | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету **Құрастыру** Мерекелік әсем шарлар суретін салу, мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру ,**Сурет салу**,**Мүсіндеу** | Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. **көркем әдебиет** Қонағымызды топтағы қуыршақтармен салыстырып көрейікші. Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру. **математика негіздері** | Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату **математика негіздері** Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Құрастыру**<br>Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау,тақтайшаға жапсыру.**Жапсыру «Кішкентай ізденушілер» вариативтік сағат**<br>Ауа<br>**Мақсаты:**<br>Ауаның маңыздылығы туралытүсініктерін кеңейту құралдарымен таныстыру<br>**Ойын:**1. Ауаны сезіну тәжірибесі<br>**Құралдар:**<br>Желпуіш, сабын көпіршігі, шар.<br>**2. Ауа қайда бар?**<br>Балаларға сұрақтар қойылады: «Ауа қайда бар?», «Оны көре аламыз ба?», «Ауасыз өмір сүре аламыз ба?»<br>**3. Ауа ластануы туралы әңгіме**<br>**Қорытынды** | **Мүсіндеу**, **Жапсыру** | | | сипаттауын қалыптастыру.<br>**Сурет салу**, **Мүсіндеу, Жапсыру**<br>**«Жас экологтар» вариативтік сағат**<br>Таза ауа-жанға дауа<br>**мақсаты:** Балаларға адам денсаулығына ауаның тигізетін маңызын айтып түсіндіру. Таза ауаны қорғауға тәрбиелеу<br>**Сұрақтар:**<br>– Ауа деген не?<br>– Біз ауаны көре аламыз ба?<br>– Ауасыз өмір сүруге бола ма?<br>**Қызықты дерек:**<br>«Адам ауасыз небәрі 3–5 минут қана өмір сүре алады.»<br>**Тақырыптық әңгіме: “Таза ауа — денсаулық кепілі”**<br>Ауаның ластану себептері: көлік, фабрика, қоқыс<br>Ауаның ластануы адамға қалай әсер етеді: жөтел, аллергия, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойын: “Ауа — досымыз”** **Ойын:** Балалар шеңберге тұрып, ауаның қандай қасиеттері бар екенін айтып, допты бір-біріне лақтырады. Әр бала ауаның бір пайдасын атайды | | | | демікпеТаза ауа қайда болады: орманда, тауда, ауылда **Суретпен жұмыс** Таза және лас ауаның суреттерін салыстыру Балалар қай суретте өмір сүргісі келетінін айтып, себебін түсіндіреді **Ойын: “Ауаны сақтаймыз!”** Шеңберге тұрып, әр бала ауаны қорғау жолын атайды (мысалы: ағаш отырғызамын, қоқысты сұрыптаймын, көлікпен аз жүремін) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Азалия, Дилназ, Ғ Зере, Сезіммен қимыл-қозғалыс жаттығуларына қызығушылық ояту, жүру-жүгіру дағдыларын үйрету | Дилназ, Әлихан, Дилярамен сөздік қорын байыту, қысқа жауап беруге дағдыландыру | Айкөркем, Азалия, А Зере, Әлихан, Дилназбен сандарды санау, пішіндер мен түстерді ажыратуға үйрету | Айкөркем, Азалия, А Зере, Әлихан, Дилназбен сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға қызығушылықты **дамыту** | Әлихан, Ханмен өз күші мен мүмкіндіктеріне сенуді, еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінуді дамыту |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | «Жолдағы тосқауылдар» **Мақсаты:** Ептілік пен шапшаңдықты дамыту. **Шарты:** Жүгіріп, еңбектеп, секіріп түрлі тосқауылдардан өту. | «Кім көп жинайды?» **Мақсаты:** Жылдамдық пен зейінді дамыту. **Шарты:** Белгі берілгенде балалар алаңдағы заттарды (шар, қап) жинап, себетке салады. | «Айқасқан жолдар» **Мақсаты:** Кеңістікте бағдарлау мен қозғалысты үйлестіру. **Шарты:** Екі команда қиылысатын жолдармен бір-біріне кедергі келтірмей жүгіреді. | «Жасырын хабар» **Мақсаты:** Жүгіру жылдамдығын және есте сақтауды дамыту. **Шарты:** Бір балаға сөз айтылады, ол жүгіріп барып келесі ойыншыға жеткізеді, соңғы бала оны айтады. | «Аэропорттағы жарыс» **Мақсаты:** Жылдам реакция, топтық үйлесім. **Шарты:** Балалар «ұшақ» болып жүреді, «ұш» десе ұшады, «қон» десе тоқтайды. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Сюжетті-рөлдік ойын** «Емханада қабылдау». Құралдар: дәрігер қоржыны, халаттар. | **Үстел үсті ойыны** «Денің сау болсын десең...» (пазлдар жинау). | **Сурет салу** «Жедел жәрдем көлігі». Құралдар: фломастерлер, қағаз. | **Қимылдық ойын** «Кім жылдам?» (кедергілерден өтіп, дәрі-дәрмекті жеткізу). | **Кітап қарау** К. Чуковский «Айболит» ертегісінің суреттерін талқылау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Денсаулық сақтаушылар». Ойыншық дәрігер құралдарын зарарсыздандыру (сүрту) және жинау. | «Таза қолдар». Үйге қайтар алдында қолды дұрыс жуу әдетін ата-анасына көрсету. | «Дәрумендер себеті». Кетерінде жеміс-жидектердің пайдасы туралы бір ауыз сөз айту. | «Дұрыс киінеміз». Ауа райына байланысты (күзгі салқын) киімдерін дұрыс киюді қадағалау. | «Денсаулық күнделігі». Ата-анасына демалыста таза ауада серуендеу туралы кеңес беру. |

19.09.2025ж
Бекітемін

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2025 жыл 4 апта

**Топ: «Балдырған» мектепалды тобы**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Тәрбиешілер: Жумабаева Ж.Б. Тугелбай А.Қ.**

**Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

**Дәйексөз: «Білім мен еңбек – болашақтың шамы »**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 22.09.2025 ж | Сейсенбі 23.09.2025 ж | Сәрсенбі 24.09.2025ж | Бейсенбі 25.09.2025ж | Жұма 26.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу | Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) **Өнегелі 15 минут** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу,таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br><br>**Өнегелі 15 минут** | Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру **Өнегелі 15 минут** | Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б) |
| | Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі https://zvyki.com/song/90528959/Haly_k_j_-_Ke_es/ **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Сұхбат: «Сіздің мамандығыңыз балаңызға несімен қызықты?». | Кеңес: «Баланың қабілетін ерте жастан қалай байқауға болады?». | Шығармашылық жұмыс: Ата-аналарға баламен бірге «Болашақ мамандығы» тақырыбында сурет салуды ұсыну. | Әңгімелесу: «Еңбекқорлыққа баулитын ертегілер мен мақалдар» тізімін ұсыну. | Ай бойы еңбекқорлық танытқан балалар мен белсенді ата-аналарды марапаттау. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | Жатқа білер дос атын,<br>Дос бар бізді тосатын.<br>Балабақша біздің үй. | Дидактикалық ойын<br>«Не артық?»<br>Міндеті<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі | Дидактикалық ойын «Бағдаршам не дейді?» Міндеті байланыстырып сөйлеу дағдысын меңгеру | Саусақпен ойнаймыз:«Қоян інде»<br>Ақ қоян-ау,ақ қоян,<br>Үркек қоян,сақ қоян,<br>Дыбыс шықса қашасың.<br>Міндеті Балалардың | Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар» міндеті қоршаған орта заттары жайлы түсінік қалыптастыру<br>Әлеуметтік дағдылар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Басымызды қосатын Саусақпен ойнаймыз: «Құлып» Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету<br>**Коммуникативтік дағдылар** | түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Танымдық дағдылар** | **Коммуникативтік дағдылар** | сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту.<br>**Коммуникативтік дағдылар** | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау<br>Б.қ. аяқты жәй қойып, қол төмен алдыға, артқа қолды айналдыру. Артқа түзу, басты төмен түсірмеу.<br>4 – 5 рет қайталау.<br>2. « Насос ». Б.қ. Аяқтың арасы алшақ қол белде оңға солға иіліп « Ш – ш – ш » деп айту.<br>3. « Қайшы ».<br>Б.қ. аяқты созып отыру қолды артқа тіреп екі аяқты кезек көтеріп түсіру. Басты төмен түсіру. 6 – 8 рет қайталау.<br>4. Б.қ. алып қол белде оңға солға иілу.<br>5. Б.қ. аяқты айқастырып түрікше отырып тұру. 5 рет қайталау.<br>6. Б.қ. аяқтың ұшымен тұрып қолды ақырын жоғары көтеріп түсіру. 8 рет қайталау.<br>7. Аяқтың арасы алшақ қолды артқа тығып оңға бұрылып қолды жоғары көтеру, қолды артқа қойып солға бұрылып қолды жоғары көтеру.<br>8. Б.қ. қол белде оңға солға қолды кезек жанға созып аяқтың ұшын көтеру. Арқа түзу.<br>9. « Секіру » Б.қ. аяқты бірге қойып қол белде 20 рет секіру оң аяқ, сол аяқ кезек. 3 – 4 рет жүрумен кезектестіре. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру **құрастыру** | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар **мүсіндеу** | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. **Қоршаған әлеммен таныстыру** | Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу **Қоршаған әлеммен таныстыру, музыка** | Жәрмеңкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу **Қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері** Сызықтарды жалғау **Мақсат:** Нүктелерді қосу арқылы сурет шығару. **Тапсырма:** «Қоянды тап» – нүктелерді қосып суретті ашу. **Қазақ тілі** Шешендік өнерге баулу **Мақсат:** Балаларды шағын | **Математика негіздері** **Кіріспе:** Балалар дан сұрақтар қою: «Жиын деген не? Бөлік ше? Біреу деген не?» **Мақсат:** Жиын, бөлік, біреу, көп туралы білімді бекіту. **Ойын-жаттығулар:** «Жиынды құрастыр» – әртүрлі | **Математика негіздері** Ойын сабағы «Жиын әлемінде» **Кіріспе:** «Бүгін біз ойнай отырып, білімімізді көрсетеміз» деп сабақтың ойын түрінде өтетінін айту. **Мақсат:** Балалардың алған білімдерін ойын арқылы бекіту. **Дидактикалық ойындар:** «Кім тез бөледі?» «Артық затты тап» «Біреу және көп» | **Сауат ашу негіздері** Қаламды дұрыс ұстау, арқа ережесі **Кіріспе:** Қолда қаламды көрсету. «Қаламды қалай ұстау керек?» деп сұрау. **Мақсат:** Қаламды үш саусақпен дұрыс ұстауды үйрету. Отыру қалпын қадағалау. **Әдіс:** Практикалық жұмыс, қимылмен жаттығу. **Тапсырма:** «Жазу орнына дайындал» ойыны – балалар орындықта дұрыс | **Сауат ашу негіздері** Көкөністерді бояу **Мақсат:** Сәбіз, қияр, қызанақ суреттерін бояу. **Тапсырма:** «Дәмді дастархан» тақырыбында көкөністерді бояу. **Математика негіздері** «Бір» ұғымы. Біреу және көп **Кіріспе:** Бір ойыншықты көрсету. «Бұл – бір». Кейін бірнешеуін көрсету: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | макал-мәтелдерді айтуға, қолдануға үйрету.<br>Сөзді мәнерлеп жеткізу.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Сөз тапқанға қолқа жоқ» ойыны.<br>Мақал-мәтелдер айту («Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»).<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөздік қорды байыту (зат есім, сын есім, үстеу)<br>**Мақсат:**<br>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық зат атауларымен, сын есімдермен, үстеулермен байыту.<br>Заттың қасиетін, сапасын айтуға үйрету.<br>**Тапсырмалар:**<br>Суретпен жұмыс: затты ата (доп, қасық), оның түсін, көлемін сипатта.<br>«Не істеп жатыр?» | пішіндерден топ құрастыру.<br>«Бөліктерді біріктір» – бөліктерден бүтін құрастыру.<br><br>**Музыка**<br>Ұлттық билер және ойындар<br>**Мақсат:**<br>Қазақтың ұлттық билерімен таныстыру.<br>Музыка әуеніне сәйкес қимыл үйлестіру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Қара жорға» биінің қарапайым қимылдарын үйрену.<br>Ұлттық қимылды ойын ойнау («Ақсерек – көксерек»).<br><br>**Қазақ тілі**<br>Қорытынды әңгіме: «Менің достарым, отбасым»<br>**Мақсат:** | карточка ойыны.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Қуыршақ театры<br>**Мақсат:**<br>Балаларды қуыршақ театрымен таныстыру.<br>Диалог құрастыруға ынталандыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Үйшік» ертегісін қуыршақтармен сахналау.<br>Балалардың өз ойынан қысқа көрініс ойнауы.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>«Көліктер әлемі»<br>**Сурет салу:** Көліктің (машина, автобус) бейнесін бояумен салу.<br>**Мүсіндеу:** Ермексазда н доңғалақ немесе көлік бөлшегін жасау.<br>**Жапсыру:** Қағаздан қиып алынған бағдаршамды көліктің қасына жапсыру.<br>**Құрастыру:** Конструк тордан көліктің | отырады, арқасын түзу ұстайды.<br><br>**Музыка**<br><br>Ән, би, аспап<br>**Мақсат:**<br>Ай бойы үйренген ән, би, аспаптық әуендерді қайталау.<br>Балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>Топ болып ән айту.<br>Би қимылдарын топтық орындау.<br>Аспаптарда қарапайым ырғақ ойнау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Театрға саяхат<br>**Мақсат:**<br>Балаларды театр өнерімен таныстыру.<br>Кейіпкерлердің әрекетіне еліктеу.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Сахнада қонақта» ойыны – балаларға рөлдер беру.<br>Маска киіп шағын көрініс ойнау. | «Бұл – көп».<br>**Негізгі бөлім:**<br>«Бір» сөзі тек бір затты ғана емес, жиынның бір бөлігін де білдіреді.<br>Біреу және көп ұғымын салыстыру.<br>**Ойын-жаттығулар:**<br>«Біреуін тап» – суреттен бір ғана затты табу.<br>«Көбін көрсет» – топтан көп заттарды бөліп көрсету.<br>**Қорытынды:** Біреу – жалғыз, көп – бірнеше; жиынның бір бөлігі де «бір» бола алады.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>**Мақсат:**<br>Сөйлем ішінде сөздерді үйлестіру (зат есім + сан есім, сын есім + зат есім).<br>Дұрыс сөйлем құруға дағдыландыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Сөзді жалғастыр» ойыны: бір бала зат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыны – қимылдарды үстеумен айту (жүгіріп жатыр, жай жүруде).<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Ұлттық қимылды ойындар<br>**Жаттығулар:** қолды желкеге қойып, кеудені тік ұстау.<br>**Негізгі қимыл:** тізені көтеріп жүру, бұрылып жүру.<br>**Ойын:** «Ақ серек – көк серек» ұлттық ойыны. | Ай бойы алған білімді бекіту.<br>Балаларды өз бетінше әңгіме айтуға ынталандыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Менің отбасым» суреті бойынша әңгімелеу.<br>«Менің досым» тақырыбында еркін сөйлеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Жауапкершілік пен еңбекқорлық<br>**Мақсат:**<br>Жауапкершіліктің маңызын түсіндіру.<br>Үй шаруасына көмектесуге баулу.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Үй шаруасына көмектес» рөлдік ойын.<br>«Жұмыс істеп жатқан кім?» сурет бойынша әңгіме. | корпусын құрастыру.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Қозғалыс бағыттарын өзгерту<br>**Негізгі қимыл:** белгі бойынша алға, артқа, жанға жүру.<br>**Музыкалық қимыл:** сергіту сәті – әуенмен билеу.<br>**Ойын:** «Бағыт ауыстыр». | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Туыстарым. Жеті атамды білемін<br>**Мақсат:**<br>Туыстық атауларды үйрету (ата, әже, нағашы, аға, әпке).<br>Жеті атасын білудің мәнін түсіндіру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Туыстар шеңбері» ойыны – балалар атауларды атап, дөңгеленіп тұрады.<br>Өзінің ата-әжесі, нағашысын айтып беру. | есімді атайды (алма), екіншісі оған сын есім қосады (қызыл алма).<br>Санау ойыны: «Үш кітап», «Бес ойыншық».<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Кедергілер арасымен жүру<br>**Негізгі қимыл:** кегльдер арасымен, жіптен аттап жүру.<br>**Жаттығулар:** қолды кезек көтеру, созу.<br>**Ойын:** «Жылдам әрі епті» – спорттық құралдармен. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2 таңғы ас** | **«Кезекшілер еңбегі»:** Үстел үстін жинауға көмектесу. Кезекшілердің жұмысын бағалау және алғыс айту («Рақмет», «Ас дәмді болсын»). | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **«Ауа мен тыныс»**<br>Балалардың дербес әрекеті – терең тыныс алу жаттығулары<br>**Қимылды ойын: «Шарды үрле»**<br>**Бақылау:** суық және жылы ауа сезімін салыстыру<br>**Еңбек:** шарларды жинау | **«Пішіндер патшалығы»**<br>Балалардың дербес әрекеті – алаңдағы заттарды пішініне қарай бөлу<br>**Қимылды ойын: «Шеңберге жинал»**<br>**Бақылау:** үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек заттарды табу<br>**Еңбек:** пішіндермен сурет жасау | **«Көңілді өлшеу»**<br>Балалардың дербес әрекеті – сызық пен қашықтықты өлшеу (таспамен)<br>**Қимылды ойын : «Кім алысқа секіреді?»**<br>**Бақылау:** өлшемдерді салыстыру<br>**Еңбек:** өлшеу құралын орнына қою | **«Жолдағы көлеңке»**<br>Балалардың дербес әрекеті – көлеңке арқылы уақытты болжау<br>**Қимылды ойын : «Көлеңкемді қуып жет»**<br>**Бақылау, зерттеу:** әртүрлі зат көлеңкесін салыстыру<br>**Еңбек:** көлеңке түскен орынды тазалау | **«Табиғат қазынасы»**<br>Балалардың дербес әрекеті – табиғи материал жинау (тас, жапырақ, гүл)<br>**Қимылды ойын : «Қазына іздеу»**<br>**Бақылау:** жиналған заттарды маңызына қарай топтау<br>**Еңбек**: табиғи материалдан көрме жасау |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру.** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **«Түзу арқа»:** Төсекте отырып, қолды желкеге қойып, арқаны тік ұстау.Омыртқаны нығайту. | **«Көңілді тістер»:** Тілмен ауыз ішінде «тазалау» қимылдарын жасау (артикуляция).Бет бұлшықеттеріне массаж. | **«Кірпі»:** Төсекте жатып, тізені құшақтап, жиырылып, қайта жазылу.Іш бұлшықеттерін ояту. | **«Таза ауа»:** Төсектен тұрып, терезе алдында терең тыныс алу (желдетілген бөлмеде).Өкпені оттегімен қанықтыру. | **«Дәрігердің жолы»:** Кедір-бұдыр кілемшелермен (массаждық) жүру.Табан рефлексотерапиясы. |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу. Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну.<br>**Тіл дамыту, сурет салу, мүсіндеу «Кішкентай** | «Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды.<br>**құрастыру** | Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау.<br>**Тіл дамыту** | Дидкатикалық ойын «Ойыншық неден жасалған» Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру санау, жұптастыру<br>«Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу | «Менің отбасым» отбасы мүшелерін атау **көркем әдебиет**<br>(мен бақытты баламын **сурет салу**<br><br>**«Жас экологтар» вариативтік сағат**<br>Табиғат құбылыстар<br>Мақсаты: Балалардың табиғатта болатын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ізденушілер» вариативтік сағат**<br>Қант пен тұз<br>Мақсаты: Қант пен тұздың қасиеттерін ажыратуға үйрету<br>«Шеңбер болып тұрайық,<br>Жылы жүзбен қарайық.<br>Қанттай тәтті болайық,<br>Тұздай таза болайық!»<br>Тәжірибе жасау<br>«Көзбен бақыла»<br>Қант пен тұзды үлкейткіш әйнекпен қарау – ұқсастықтары мен айырмашылықтарын байқау.<br>– Екі шыныаяққа қант пен тұз салу.<br>– Қасықпен араластыру.<br>– Қорытынды: екеуі де суда ериді, бірақ дәмі өзгеше.<br>– Балалар қанттың тәтті, ал тұздың ащы екенін ажыратады. | | | кемейту амалдарын үйрету<br>**математика негіздері** | құбылыстар жайлы білімдерін бекіту. Әр жыл мезгілдерінің өзіңе тән құбылыстарын ажырату.<br>«Жыл мезгілін тап»<br>Тәрбиеші сурет көрсетеді, балалар қай мезгіл екенін айтады.<br>«Дыбысын тап»<br>Табиғат дыбыстары тыңдатылады (жаңбыр, найзағай, жел, құстар). Балалар ажыратады.<br>Қимылды ойын «Жел соқты»<br>•«Жел соқты» – балалар қолдарын тербетеді.<br>•«Жаңбыр жауды» – саусақтарын төмен қозғап жаңбырды бейнелейді.<br>•«Күн шықты» – қолдарын жоғары көтеріп күн бейнелейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын «Тапшы» Балалардың көзін жұмдырып, қант немесе тұздан аздап татып көру. Балалар дәмі бойынша қайсы екенін табады. Сергіту сәті «Қанттай тәтті болайық, Тұздай таза болайық. Жел сияқты ойнайық, Күн сияқты жылғайық!» | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Азалия, Дилназ, Дилярамен арнайы көлік құралдарының қолданылуын, жол қозғалысының қарапайым ережелері туралы білімін жетілдіру | Дилназ, А Зере, Әлихан, Хан, Дилярамен сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға қызығушылықты дамыту | Әлихан, Ғ Зере, Айдар, Аянмен сандарды санау, пішіндер мен түстерді ажыратуға үйрету | Диляра, Аян, Айназ, Айдармен сөздік қорын байыту. | А Зеремен өз Отанын жақсы көруді, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсіне білуін жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | «Қорғанды қорғау» **Мақсаты:** Тактикалық ойлау, қимыл шапшаңдығын дамыту. **Шарты:** Бір команда қорғанды қорғайды, екіншісі ішке кіруге тырысады. | «Жылдам жеткізу» **Мақсаты:** Қимыл үйлесімділігін арттыру, жүгіру жылдамдығын дамыту. **Шарты:** Допты жерге түсірмей команда бойынша белгіленген жерге жеткізу. | «Құстардың ұшуы» **Мақсаты:** Топтық бірлікті және ырғақ сезімін қалыптастыру. **Шарты:** Балалар топпен құс болып ұшады, бағыт ауыстырады, бірге тоқтайды. | «Штурм» **Мақсаты:** Күш, төзімділік және стратегия. **Шарты:** Бір топ «қамалды» (қорғанды) алуға, екіншісі қорғауға тырысады. | «Үлкен эстафета» **Мақсаты:** Барлық қимыл түрін (жүгіру, секіру, лақтыру) кешенді дамыту. **Шарты:** Командалар аралас тапсырмалардан тұратын эстафетаны орындайды. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **( сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Сюжетті-рөлдік ойыны** «Супермаркет» (сатушы, кассир, сатып алушы). | **сурет салу** «Мен өскенде кім боламын?». Құралдар: түрлі бояулар. | **Дидактикалық ойын** «Артығын тап» (мамандыққа жатпайтын заттарды анықтау). | **Еңбек іс-әрекеті** Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жуу және реттеу. | **Театрландырылған ойын** «Шалқан» ертегісін сахналау (бірлескен еңбектің нәтижесі). |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мамандықтар шеруі». Кетерінде бүгін қандай мамандық иесі болып ойнағанын ата-анасына айтып беру. | «Құралдарды реттеу». Барлық ойын бұрыштарындағы құралдарды (балға, қайшы, тарақ) орындарына қою. | «Кім болам?». Ата-анасына өзінің болашақ мамандығы туралы арманын айту. | «Жұмыс аяқталды». Топ бөлмесіндегі гүлдерді суарып, «еңбек күнін» қорытындылау. | «Еңбекқорлар көрмесі». Ай бойы жасаған бұйымдарын үйге мақтанышпен алып қайту. |

26.09.2025 ж
Бекітемін
[signature]

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қазан айы 2025 жыл 1 апта**

**Топ: « Балдырған» мектепалды тобы**
**Балалардың жасы :5 жас**
**тәрбиешілер: Тугелбай А.Қ. Жумабаева Ж**

**Қазан тәуелсіздік және отаншылдық айы**
Апта дәйек сөзі: «Отан – отбасынан басталады.»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 29.09.2025 ж | Сейсенбі 30.09.2025 ж | Сәрсенбі 01.10.2025ж | Бейсенбі 02.10.2025ж | Жұма 03.10.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Жылы лебіз» күні.** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. *Шаттық шеңбері:* «Мен өз Отанымды сүйемін!» (әр бала Отанына деген лебізін айтады). *Әңгімелесу:* «Менің отбасым және Отаным». Өз ойын еркін жеткізу, сөздік қорды байыту, диалогқа түсу мәдениеті. **Коммуникативтік дағдылар** | «Өз туыңды құрастыр» пазл ойыны, Рәміздермен танысу, Күзгі ауа райын бақылау, Қазақстан қалалары туралы үстел ойыны. Логикалық ойлау, есте сақтау, Отан туралы білімдерін жүйелеу, қоршаған ортаны тану. **Танымдық дағдылар** | «Қонақ күту» сюжеттік-ролдік ойыны, Отбасы құндылықтарын дәріптеу, Тәрбиешімен және достарымен амандасу.Этикалық нормаларды сақтау, ұлттық салт-дәстүрді құрметтеу, топта жұмыс істей білу. **Әлеуметтік дағдылар** | «Біз кішкентай жауынгер» сергіту сәті, «Кім жылдам?» ұлттық ойыны, гүлдерге су құю (еңбек терапиясы). Қимыл-қозғалыс белсенділігі, ептілік, төзімділік, жалпы және ұсақ моториканы дамыту. **Физикалық дағдылар** | «Менің үйім» тақырыбында сурет салу, Отан туралы әуендер тыңдау, саусақ ойындары. Қиял, бейнелеу өнеріне қызығушылық, эстетикалық талғам, шығармашылық шешім қабылдау. **Шығармашылық дағдылар** |
| | Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** **Қосалқа** https://zvyki.com/song/188839023/os_al_a_-_D_uletkerej_-_os_al_a/ **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды** | «Отан отбасынан басталады: | «Жеті атасын білген ұл...»**Кеңес беру:** | «Ұлттық тәрбие – ұлағатты | «Менің мекенжайым», | Балаңызға туған жердің табиғатын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Құндылықтар бастауы» **Әңгімелесу:** Балаға үй ішіндегі кішігірім міндеттерді беру арқылы жауапкершілікті ояту. Отбасылық дәстүрлердің бала тәрбиесіндегі маңызы туралы пікір алмасу. | Балаға өз шежіресін, ата-бабаларын таныстырудың әдістері. Тәрбиешімен бірге «Менің әулетім» атты шағын көрнекілік дайындауға бағыт беру. | іс»**Әңгімелесу:** Үй жағдайында баламен бірге ұлттық нақыштағы бұйымдарды, ою-өрнектерді талқылау. Қазақы құндылықтарды күнделікті өмірге енгізу жолдары. | «Біздің қаланың көрікті жерлері» деген сияқты шағын ойындар арқылы баланың танымын кеңейтіңіз. | аялауды, қоршаған ортаға қамқорлықпен карауды өз іс-әрекетіңізбен көрсету арқылы үлгі болыңыз. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Қағазды бүктеу ширату арқылы құрсау жасау.<br>**(Танымдық іс-әрекеті)**<br>Жасаған құрсауды әр түрлі бояулармен сәндеу<br>**(Бейнелеу іс-әрекеті)**<br>құрсаудың мүсінін ермексаздан жасау<br>**(Шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>**«Кішкентай ізденушілер»** вариативтік сағат<br>**Тақырыбы:** Тамшылар саяхаты<br>**Мақсаты:** Табиғаттағы су айналымымен таныстыру<br>**Әңгіме-түсіндіру**<br>Тәрбиеші су қайдан келеді және қайда кетеді деген сұрақ қояды.<br>Тақтадан «Су | Тазалық ұғымын дидкатикалық ойын карточкалары арқылы табу ойнын ойнату.<br>**(Танымдық іс-әрекеті)**<br><br>Топтағы тазалық құралдарын табу, қызметін анықтау. Еркін тазалық әрекеттерін жасату.<br>**(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** | Дәрумен деген не? оның түрі қандай болады? Зерттеу жұмыстары. балалардың өз ойы. Ойдан сурет салу, мүсінін жасау немесе қағаздан жасау.<br>**(Танымдық,шығар машылық іс-әрекеті)** | Спорттық ойын құралдарының суретін салу, мүсінін жасау, ұжымдық жапсыру жұмысын жасау.<br>**(зерттеу, танымдық іс-әрекет)**<br><br>Спорттық ойын құралдарын тану, салыстыру, қолдану әдістерін зерттеу,<br>**(Танымдық, іс-әрекеті)**<br><br>«Мойдадыр - Кірқоймас» ертегісін сахналау.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Топтағы ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу. Өз ойлары.<br>**(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**«Жас экологтар»** вартиативтік сағат<br>**Тақырыбы:** Көлдер мен тоғандар<br>**Мақсаты:** Табиғаттағы су жайында білімдерін кеңейте түсу. Көлдер мен тоғандар ерекшеліктері, халық шаруашылығындағы маңызын ұғындыру. Табиғатты қорғауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айналымы» суреті көрсетіледі.<br>**Түсіндіру:**<br>Күннің жылуынан су буланады.<br>Ауада жоғары көтеріліп, бұлтқа жиналады.<br>Бұлт ауырлағанда жаңбыр болып қайта жерге түседі.<br>**Тәжірибе жасау**<br>Ыдыстағы суды жылытып, булануын көрсету.<br>Айнаға бу тоқтағанын көрсету.<br>Мұзды жылы жерге қойып, суға айналуын бақылау.<br>**Сергіту сәті**<br>«Жаңбыр жауды» қимылды ойыны. | | | | тәрбиелеу<br><br>Әңгіме түсіндіру<br>Көл деген не?<br>Тоған ше?<br>Екеуінің айырмашылығы қандай?<br>Түсіндіру<br>Көл – табиға жолмен пайда болатын су қоймасы.<br>Тоған – адам жасаған немесе кіші табиғи су қоймасы.<br>Көлдер терең, кең.<br>Тоғандар кіші, тайыз келеді.<br>Көлдерде балықтар, су құстары көп кездеседі.<br>Тоғандарда көбіне бақалар, су жәндіктері болады.<br>Тәжірибе жасау<br>Су түбі тәжірибесі<br>Су ыдысына құм салады. Тоғандар лайлы болатынын көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Азалия, Ғ.Зере әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруге дағдыландыру | Азалия, Идрис 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету | Айназ, Аян заттардың пішіндерін өз еркімен анықтай алуға көмектесу | Азалия, Идрис түстерді өз қалауы бойынша таңдай алуға көмектесу | Аян, Т.Омар еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **«Отын тереміз»**<br>**Міндеті:** Баланы еңбекке баулу, жүгіру мен иілуді дамыту.<br>**Шарты:** Балалар аланда жатқан таяқшаларды (отын) жинап, себетке салады. | **«Ит пен мысық»**<br>**Міндеті:** Зейінділік пен шапшаңдықты дамыту.<br>**Шарты:** Бір бала – ит, қалғандары – мысық. Ит артынан қуып жетуге тырысады, ал мысықтар белгіленген орынға қашып үлгеруі керек. | **«Жел соқты»**<br>**Міндеті:** Денені сергіту, ырғағын сақтау.<br>**Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші «жел оңнан соқты» десе, барлығы оңға айналады, «солдан» десе – солға. | **«Аю оянды»**<br>**Міндеті:** Есту реакциясын және тез әрекет ету дағдыларын жетілдіру.<br>**Шарты:** Бір бала – аю, ол «ұйықтап жатады». Балалар «жеміс теріп» жүреді. «Аю оянды!» дегенде бәрі жүгіріп қашады. | **«Кімнің қолғапы жоғалды?»**<br>**Міндеті:** Зейінділік пен есте сақтауды дамыту.<br>**Шарты:** Бір бала сыртқа шығып тұрған кезде, бір баланың қолғапы тығылып қалады. Ол келген соң, кімнің қолғапы жоғалғанын табуы керек. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **( сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br><br>Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **«Асхана: Күзгі ас»:** Көкөністерден «салат» дайындау, үстелді эстетикалық безендіру. әлеуметтік | **«Сөз тапқанға...»:** Сурет бойынша қараша айындағы ауа райын сипаттап айту коммуникативтік | **Жапсыру (Аппликация):** «Жылы жемпір» (қағазды өрнектермен безендіру). шығармашылық | **Геометриялық пішіндер:** Текшелерден жануарларға арналған «жылы үйшіктер» салу. танымдық | **«Ақ серек, көк серек»:** Топтық бірлік пен шапшаңдық ойыны. физикалық |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **"Жылы сөз"**: Үйге барғанда анасына айтатын еркелету сөздерін дайындау. Өнегелі 15 минут | **"Кімге көмектестім?"**: Бүгін достарына жасаған жақсылығын айтып беру. Өнегелі 15 минут | **"Әдептілік әліппесі"**: Үлкен кісілерге жол беру, сыпайы сөйлеу туралы әңгіме. Өнегелі 15 минут | **"Менің үйім"**: Өз үйінің мекенжайын немесе бөлмелерін сипаттап айту. Өнегелі 15 минут | **"Демалыс жоспары"**: Үйде ата-анасына қалай көмектесетінін жоспарлау. Өнегелі 15 минут |

21.11.2025ж
Бекітемін
[signature]

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қараша айы 2025 жыл 4 апта**

**Топ: «Балдырған» мектепалды тобы**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Тәрбиешілер: Тугелбай А.Қ. Жумабаева Ж.Б.**

**Қараша – әділдік және жауапкершілік айы**
Апта дәйек сөзі : «Шыншыл болу – әділ болу.»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 24.11.2025 ж | Сейсенбі 25.11.2025 ж | Сәрсенбі 26.11.2025ж | Бейсенбі 27.11.2025ж | Жұма 28.11.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Шаттық шеңбері:* «Мен шындықты сүйемін». *Әңгімелесу:* «Шыншыл болу деген не?». Өтірік айтудың достыққа зияны туралы түсіндіру. **Коммуникативтік, Әлеуметтік** | *Жағдаяттық ойын:* «Кім кінәлі?». Шағын жанжал кезінде екі жақты тыңдап, әділ төрелік айтуға үйрету. *Еңбек:* Гүлдер мен ойыншықтарға жауапты балаларды тағайындау. **Әлеуметтік, Таным** | *Тыңдалым:* «Алтын балта» немесе шыншылдық туралы аңыз тыңдау. *Сұрақ-жауап:* «Шындықты айту қиын ба, әлде оңай ма?». **Таным, Коммуникативтік** | *Қимылды ойын:* «Күміс теңге» (ойын ережесін бұзбай, әділ ойнауды қадағалау). *Бақылау:* Табиғаттағы өзгерістерді бақылап, көргенін шыншылдықпен сипаттау. **Физикалық, Таным** | *Шығармашылық:* «Шындық күні» (күннің суретін салып, әр сәулесіне баланың бойындағы жақсы қасиеттерін атап жазу). *Қорытынды:* Апта дәйексөзін жаттау. **Шығармашылық, Әлеуметтік** |
| | **«Күй күмбірі»** Сарыарқа https://zvyki.com/song/84918686/rman_azy_-_Saryar_a_k_i/ **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес** | **Әңгімелесу:** Балаға шыншылдық пен әділдіктің | «Неге бала өтірік айтады?» **Кеңес беру:** | Дәйексөзді талқылау. «Егер сен шындықты айтсаң, мәселе әділ | «Адалдыққа баулу әдістері» Отбасындағы адалдық ережелері. | Апта бойы баланың мінез-құлқындағы өзгерістерді бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **беру** | байланысын түсіндіру. «Шындықты айту — батылдық» екенін, ал әділ шешім қабылдау үшін тек шындық керек екенін айту. | Баланың қиялы мен қасақана өтірігін ажырата білу. Қорқыныштан туған өтіріктің алдын алу үшін баламен сенімді қарым-қатынас орнату жолдары. | шешіледі» деген ойды бала санасына ұялату. Қателік жасағанда оны жасырмауға баулу. | Баланың шындықты айтқаны үшін жазаламау, керісінше, оның мойындағанын жоғары бағалап, мәселені бірге шешу. | Ата-аналарға «Адалдық» тақырыбындағы ертегілер мен аңыздарды оқып беруді ұсыну. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Шаршы құрастыр» Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. **Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет** | Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. **Тіл дамыту Қарым-қатынас іс –әрекеті** | Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. **Қоршаған ортамен таныстыру Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті Музыка** | «Менің отбасым» Отбасы мүшелерін таныстыру. Сөйлеу арқылы тілін дамыту. **Тіл дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет** | «Күз бояуы» Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. **Тіл дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау<br>1. Б.қ. қол иықта, екі жаққа қараған. 1 – шыңтақты кеудеге әкеп тигізу – дем алу, - шынтақпен екі жаққа – демалу, шынтақты иықтың деңгейінде ұстау. Сол сияты отыру, арқада жату, сол сияқты б.қ. бастың артында.<br>2. Б.қ. аяқты алшақ ұстау, қол екі жаңға 1 – оңға бұрылу, қол арқада – демалу. 2 б.қ. ауа жұту 3-4 сол сияқты, екінші жаққа. Бұрылғандааяқты орнынан қозғалу. Қол жоғары немесе белде.<br>3. Б.қ. аяқ алшақ, 1 – отыру, тізе алдыға, 2 – тізеге отыру 3 – тағы отыру,<br>4 – б.қ.<br>4. Б.қ. тізеге салмақ. 1-2 аяқты түзей келе арқаны бүгу, бас кеудеге 3-4 б.қ.. бас жоғары, арқаны түзеу.<br>5. Б.қ. тізеде тұру, қол белде, 1-2 еденге оңжақтан отыру, 3-4 б.қ. сол сияқты келесі жаққа. Б.қ. қолда бастан | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">асыруға болады. 4-5 рет.<br>6. Б.қ. отыру, қол белде 1-2 алдыға еңкею, қолды аяққа тигізу. 3-4 б.қ. демалу, сол сияқты б.қ. аяқ алшақ 3 дегенде еңкеюге болады. 1 дегенде түзелу.<br>7. Б.қ. аяқ сәл алшақ істелінген, қол белде, 1-3 қос аяқтап орнында секіру - 180º бұрылу. 10 рет.<br>1. Б.қ. қол иықта, екі жаққа қараған. 1 – шыңтақты кеудеге әкеп тигізу – дем алу, - шынтақпен екі жаққа – демалу, шынтақты иықтың деңгейінде ұстау. Сол сияты отыру, арқада жату, сол сияқты б.қ. бастың артында.<br>2. Б.қ. аяқты алшақ ұстау, қол екі жаңға 1 – оңға бұрылу, қол арқада – демалу. 2 б.қ. ауа жұту 3-4 сол сияқты, екінші жаққа. Бұрылғандааяқты орнынан қозғалу. Қол жоғары немесе белде.<br>3. Б.қ. аяқ алшақ, 1 – отыру, тізе алдыға, 2 – тізеге отыру 3 – тағы отыру,<br>4 – б.қ.<br>4. Б.қ. тізеге салмақ. 1-2 аяқты түзей келе арқаны бүгу, бас кеудеге 3-4 б.қ.. бас жоғары, арқаны түзеу.<br>5. Б.қ. тізеде тұру, қол белде, 1-2 еденге оңжақтан отыру, 3-4 б.қ. сол сияқты келесі жаққа. Б.қ. қолда бастан асыруға болады. 4-5 рет.<br>6. Б.қ. отыру, қол белде 1-2 алдыға еңкею, қолды аяққа тигізу. 3-4 б.қ. демалу, сол сияқты б.қ. аяқ алшақ 3 дегенде еңкеюге болады. 1 дегенде түзелу.<br>7. Б.қ. аяқ сәл алшақ істелінген, қол белде, 1-3 қос аяқтап орнында секіру - 180º бұрылу. 10 рет.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>"Жылы лебіз". Шеңберде тұрып, көршісінің атын еркелетіп атау. Бұл балалардың арасындағы бауырмалдықты арттырады.</td><td>"Құстарға көмек"мақсаты: Жіктеу, логика. барысы: Суреттердің ішінен тек қыстап қалатын құстарды таңдау (торғай, сауысқан,</td><td>"Не қайда орналасқан?". мақсаты: Кеңістікті бағдарлау.</td><td>"Ұқсастығын тап". мақсаты: Салыстыру, логика. барысы: Екі ұқсас суреттің арасындағы 5 айырмашылықты табу. Зейінділікті</td><td>"Тілек шары". Елестету арқылы қолдарында шар бар деп есептеп, оған жақсы тілектерін айтып, "аспанға ұшырады". "Бүгінгі күніміз сәтті өтсін!"</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | суықторғай). "Қай құс жемсауытқа бірінші келеді?" деген логикалық сұрақтар қою. | | тексеру. | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Сөз және дыбыс<br>**Кіріспе:** Әрбір сөз дыбыстардан құралатынын түсіндіру<br>**Міндеті:**<br>Сөз бен дыбыстың айырмашылығын ажырату<br>Сөзді дыбыстық талдау арқылы айту<br>**Әдісі:** Түсіндіру, талдау, ойын «Сөздің басы қандай дыбыс?»<br>**Тапсырмасы:**<br>*Ара, тау, нан, гүл* сөздерін дыбыстарға бөлу<br>**Қазақ тілі**<br>«Мал шаруашылығы» | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>Сәйкес келмейтін затты тап<br>**Кіріспе:** Топтағы заттардың ішінен сәйкес келмейтінін анықтауға үйрету<br>**Міндеті:**<br>Белгілері бойынша салыстыра білу<br>2-3 қасиеті бойынша ерекшеленетін затты табу<br>**Әдісі:** Ойын «Қайсысы артық?», топтық талдау<br>**Тапсырмасы:**<br>Пішіндер: үшбұрыш, | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>Барлығын қайталап пысықтаймыз<br>**Кіріспе:** Бұрын өткен білім мен дағдыларды бекіту<br>**Міндеті:**<br>Заттарды шамасына, түсіне, пішініне қарай салыстыру<br>Өлшеу және ретімен орналастыруды қайталау<br>**Әдісі:** Ойын, сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>**Тапсырмасы:**<br>5 түрлі затты үлкеннен кішіге, ұзынынан қысқаға қарай орналастыру<br>Пішіндерді және түстерді атап, сипаттау<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Ертегіні | **Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**<br>Түстер әлемі<br>**Кіріспе:** Түстерді тану және бояу дағдысын жетілдіру<br>**Міндеті:**<br>Негізгі түстерді атауға және тануға үйрету<br>Бояу құралын дұрыс пайдалануға баулу<br>**Әдісі:** Көрсету, бояу, салыстыру<br>**Тапсырмасы:**<br>Қызыл, көк, сары түстермен сурет бояу<br>**Музыка.**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Менің сүйікті ертегім<br>**Кіріспе:** Баланың өз таңдауы бойынша ертегіні айтып беруіне мүмкіндік жасау<br>**Міндеті:** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Бәрін қайталап еске түсіреміз<br>**Кіріспе:** Алдыңғы сабақтарда үйренген білім мен дағдыларды бекіту<br>**Міндеті:**<br>Сөздердің мағынасын еске түсіру<br>Дыбыстық талдауды қайталау<br>Фигуралар мен жеміс суреттерін бояуды пысықтау<br>**Әдісі:** Қайталау, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс<br>**Тапсырмасы:**<br>Балалар суреттерді бастырып бояйды, сөздерді дыбыстарға бөледі, мағынасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөздік жұмысы:** *қора, жайлау, қыстау, соғым, сыбаға, жем, астау.*<br>**Әңгімелесу:**<br>– Мал қайда тұрады?<br>– Адамдар малға қалай күтім жасайды?<br>**Тілдік жаттығу:**<br>Септеу: *қорада, жайлауда, астауға, жемге.*<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>– Әкем малды жайлауға айдап барады.<br>– Қорада сиыр мен жылқы бар.<br>– Ата соғымға ет дайындап жатыр.<br>**Ойын:** *«Қай малдың даусы?»*<br>Тәрбиеші дыбыс шығарады, бала табады:<br>*М-мәә! – қой, мө-ө! – сиыр, иі-і! – ешкі* | дөңгелек, төртбұрыш, қасық — артық затты табу<br>**Музыка**<br>**Қазақ тілі**<br>«Егіншілік пен жер еңбегі»<br>**Сөздік жұмысы:** *дән, тұқым, егіс, отау, ору, диірмен, орақ, айыр, күрек, соқа.*<br>**Фонематикалық жұмыс:**<br>Дыбыстардың орнын анықтау: *соқа (с – басы), диірмен (р – ортасы), күрек (к – соңы).*<br>**Грамматикалық жаттығу:**<br>Жіктеу: *Мен егемін, сен суарасың, ол орады.*<br>**Ойын:** *«Егін егеміз»*<br>Балалар рөлдік ойын ойнайды: | сахналаймыз<br>**Кіріспе:** Балаларды шығарманы сахнада бейнелеуге баулу<br>**Міндеті:**<br>Рөлдерді бөліп ойнау<br>Мәнерлі сөйлеуге және қимылды үйлестіруге үйрету<br>Ұжымдық жұмысқа тәрбиелеу<br>**Әдісі:** Сахналық көрініс, ойын, әңгімелеу<br>**Тапсырмасы:**<br>Балалар «Шалқан» ертегісін рөлге бөліп ойнайды<br>Тәрбиеленушілердің дауыс ырғағы, қимылы бақыланады<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br><br>Тақырыбы: Менің әдемі үйім<br>**Кіріспе:**<br>Балаларды қоршаған ортадағы заттар мен | Өз қалаған шығармасын баяндап айту<br>Кейіпкерлерге өз көзқарасын білдіру<br>Шығармашылықпен сөйлеуін дамыту<br>**Әдісі:** Әңгімелеу, жеке жұмыс, көрініс элементтері<br>**Тапсырмасы:**<br>Әр бала сүйікті ертегісін таңдап, қысқаша мазмұнын эмоциямен айтып береді<br>Қалаған кейіпкерінің рөлін ойнап көрсетеді<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Адам еңбегімен жасалған<br>**Кіріспе:** Айналадағы заттардың адам еңбегімен жасалатынын түсіндіру<br>**Міндеті:**<br>Заттарға ұқыпты карауға, еңбектің нәтижесін бағалауға үйрету<br>Шығармашылық | түсіндіреді<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Өлшеу және салыстыру<br>**Кіріспе:** Шартты өлшеммен бірнеше заттың ұзындығын өлшеу<br>**Міндеті:**<br>Өлшеу құралын дұрыс пайдалануға үйрету<br>Өлшем нәтижесін салыстыру<br>**Әдісі:** Тәжірибе, сұрақ-жауап, бақылау<br>**Тапсырмасы:**<br>Үш түрлі жолақтың ұзындығын қарындаш арқылы өлшеп салыстыру<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Ертегіні жалғастыр<br>**Кіріспе:** Балалардың шығармашылық ойлауын дамыту және еркін сөйлеуге жағдай жасау<br>**Міндеті:**<br>Ойдан оқиға құрастыруға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Әдепті бала<br>**Кіріспе:** Сөйлеу кезінде әдептілік пен мәдениеттіліктің маңызын түсіндіру<br>**Міндеті:**<br>Сөйлеу әдебін қалыптастыру<br>Сыпайы сөздерді қолдануға дағдыландыру<br>Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға үйрету<br>**Әдісі:** Рөлдік ойын «Кездесу», «Сәлемдесуді ұмытпа!»<br>**Тапсырмасы:**<br>Сәлемдесу, алғыс айту, өтіну, қоштасу сөздерін қолдану<br>Қысқа диалог құрастыру<br>– Сәлем, Айсұлу<br>– Сәлем, Айбек<br>Қалың қалай<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы** | тұқым себу, суару, ору.<br>**Байланыстыры п сөйлеу:**<br>– Көктемде дән егіледі.<br>– Жазда суарылады.<br>– Күзде орып, диірменге апарады.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Еңб ек және табиғат<br>**Кіріспе:** Табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасаудың маңызын түсіндіру<br>**Міндеті:**<br>Өсімдіктер мен жануарларға қамқор болуға үйрету<br>Күтім жасау кезінде ұқыптылық пен жауапкершілікке | ғимараттардың құрылымын, пішінін бақылауға және өз қиялымен бейнелеуге үйрету.<br>**Міндеті:**<br>Заттың пішіні мен бөліктерінің пропорциясын дұрыс жеткізу<br>Материалмен жұмыс кезінде ұқыптылық пен дербестікті қалыптастыру<br>Бейнелеу мен құрастыру әдістерін біріктіру<br>**Әдісі:** Көрсету, әңгімелеу, тәжірибелік жұмыс<br>**Тапсырмасы:**<br>– Үйдің суретін салу және терезе, есік бөліктерін бояу<br>– Пластилиннен үйдің бөлшектерін (түтін шығатын мұржа, есік) мүсіндеу<br>– Қағаздан ағаш пен бұлттарды қиып, жапсыру<br>– Конструктордан үй | әрекеттердің маңызын түсіндіру<br>**Әдісі:** Көрсету, әңгімелеу, ойын «Адам еңбегімен жасалған»<br>**Тапсырмасы:**<br>Ойыншықтар мен құралдарды қарап, олардың неден және кімнің еңбегімен жасалғанын талқылау | ынталандыру<br>Сөйлемдерді байланыстырып айтуға үйрету<br>**Әдісі:** Әңгімелеу, ойын «Ертегіні жалғастыр»<br>**Тапсырмасы:**<br>Тәрбиеші ертегі бастайды: *Бір күні орманда кішкентай қоян жолға шықты...*<br>Балалар өз ойымен жалғастырады<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қол мен аяқ бұлшықеттерін созу, тепе-теңдік сақтау.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Жүгіру, секіру, эстафета элементтері бар қозғалыстар.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыкамен еркін би қимылдарын орындау.<br>**Қимылды ойын:** *«Барлығын* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығулар:** Барлық бұлшықетке арналған жаттығуларды қайталау (қол, арқа, аяқ).<br>**Негізгі қимылдар:** Жүгіру, секіру, бағыт өзгерту, жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкамен үйлескен қозғалыстар кешені.<br>**Спорттық ойын элементтері:** Футбол және эстафета элементтері.<br>**Қимылды ойын:** *«Кім мықты?»* — жарыс түрінде.<br>**Салауатты өмір салты:** «Денім сау болу үшін не істеу керек?» әңгімесі.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** | тәрбиелеу<br>**Әдісі:** Бақылау, әңгімелеу, іс-әрекет арқылы үйрету<br>**Тапсырмасы:** Балалар гүлге су құяды, аквариумды тазалауға көмектеседі | макетін немесе қоршауын құрастыру<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды жоғары көтеріп, айналдыру, алға еңкею.<br>**Негізгі қимылдар:** Жарыс түрінде жүгіру (20 м), кедергіден өту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Әуенмен секіру, бұрылу, ырғаққа сай қозғалыс.<br>**Қимылды ойын:** *«Жарыс жолы»* — балалар топпен эстафета түрінде жарысады.<br>**Салауатты өмір салты:** Дұрыс қозғалыстың маңызы.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Асхана құралдарын пайдалану мәдениетін бекіту.<br>**Сауықтыру шаралары:** | | *қайталайық!»* — барлық үйренген қимылдарды қайталау ойыны.<br>**Салауатты өмір салты:** Денсаулықты сақтау үшін белсенді болудың пайдасы.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Күнделікті тазалық дағдыларын бекіту.<br>**Сауықтыру шаралары:** Серуендегі шынықтыру ойындары, аяқ бұлшық еттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жеке гигиенаны сақтау, бір-біріне көмектесу.<br>**Сауықтыру шаралары:**<br>Қол және табан жаттығулары, серуенде белсенді ойын. | | Таңертеңгі жаттығу мен тыныс алу. | | |
| **2 таңғы ас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы арқылы еңбекке баулу. Жемістер мен сүт өнімдерінің пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Үстел басында өзін-өзі ұстау этикетін (арқаны түзу ұстау, ас құралдарын дұрыс қолдану) бекіту.<br>Қол жуу кезінде кезек күту, суды шашыратпау және жеке сүлгіні ұқыпты қолдануды автоматты деңгейге жеткізу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Қараша айында не өзгерді? Жердің түсі, аспанның түсі?<br>**Еңбекке баулу:** Аланды таза ұстау, құралдарды жинау.<br>**Қимылды** | **Бақылау:** Адамдар мен жануарлардың қыста қалай өмір сүретіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбекке баулу:** Құстарға тағы жем беру, аула тазалау. | **Дербес әрекет:** Доппен жұптасып ойнау.<br>**Бақылау:** Ағаш бұтақтарының жалаңаштанып қалғанын көру.<br>**Еңбекке баулу:** Бұтақтарды | **Бақылау:** Аспандағы бұлттардың түр-түсін ажырату: ақ, сұр, қою.<br>**Еңбекке баулу:** Ауладағы ұсақ бұтақтарды жинау.<br>**Қимылды ойын:** «Бұлттар | **Бақылау:** Адамдар мен жануарлардың қыста қалай өмір сүретіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбекке баулу:** Құстарға тағы жем беру, аула тазалау.<br>**Қимылды ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойын:** «Жылынып алайық» — жүгіру, секіру. | **Бақылау:** Жердің дымқылданғанын байқау, балаларға «Неліктен жер дымқыл?» сұрағын қою.<br>**Еңбекке баулу:** Жиналған материалдарды бір жерге жинау.<br>**Қимылды ойын:** «Жапырақтар ұшады» — балалар жапырақтарша айналып жүгіреді. | жинау, бір жерге қою.<br>**Қимылды ойын:** «Ағаш пен жел» — жел соққанда еңкейіп, тынғанда түзелу. | жүреді» — балалар бұлттардың қозғалысын қимылмен бейнелейді. | **Қимылды ойын: «Отын тереміз»**<br>**Міндеті:** Баланы еңбекке баулу, жүгіру мен иілуді дамыту.<br>**Шарты:** Балалар алаңда жатқан таяқшаларды (отын) жинап, себетке салады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | **«Ақ аюдың оянуы»** (Төсектегі жаттығу)Арқамен жатып, қол-аяқты созу. Кейін бүйірге аунап, «түйіншек» болып жиырылу және қайта жазылу. | **«Қарлы соқпақ»** (Шынықтыру)Мақтадан немесе жұмсақ матадан жасалған «қар үйінділерінен» аттап жүру. Түймелі жолдармен аяқтың ұшымен басу. | **«Боран гуілдейді»** (Тыныс алу)Мұрынмен терең дем алып, «У-у-у» (қатты) және «у-у-у» (баяу) дыбыстарын шығару. Кеуде қуысын қолмен жеңіл ұрғылау. | **«Сиқырлы саусақтар»** (Массаж)Әр саусақтың ұшын «түйме басып жатқандай» жеңіл басу. Алақанды қатты ысып, бетке басу. | **«Мұздай су — досымыз»**Қолды шынтаққа дейін салқын сумен жуып, құрғақ сүлгімен қызарғанша ысқылау. Тамақты жылы сумен шаю. |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Қимылды ойын «Ханталапай» Патриоттық әндерді тыңдату. **(музыка)** Балалардың еркін ойындары **«Кішкентай ізденушілер»** вариативтік сағат **Тақырыбы:** Түрлі түсті әйнектер | Қимылды ойын «Бүрге»<br><br>Балалардың еркін ойындары | Қимылды ойын «Кетті кетті» Туған жер тақпағын жаттау. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Балалардың еркін ойындары | Балабақша ауласындағы туды тамашалату. **(зерттеу іс әрекеті)** | Қимылды ойындар «Ұшты ұшты» Балалардың еркін ойындары **«Жас экологтар»** вартиативтік сағат **Тақырыбы:** Табиғи пайдалы қазбалар **Мақсаты:** Туған елдің пайдалы қазбалары, кен орындары , олардың адам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Балаларды тәжірибе жасау **Тәжірибе жасау**<br><br>Ақ қағаздың үстіне түрлі түсті әйнектерді қойып, түстің өзгеруін бақылау<br><br>Шамды жағып, әйнекті ұстап көру: жарықтың түсі қалай өзгереді?<br><br>Екі түсті әйнекті қабаттап қою: жаңа түс пайда болатынын көрсету (мысалы, көк + сары = жасыл) | | | | тіршілігінде маңызы туралы түсінік беру. Табиғи байлықтарды сақтауға , қорғауға тәрбиелеу.<br><br>Топқа бөлу:<br><br>Бір топ – мұнайдың маңызы<br><br>Екінші топ – көмірдің маңызы<br><br>Үшінші топ – Табиғи байлықтарды сақтау жолдары:<br><br>Үнемді пайдалану<br><br>Қоршаған ортаны ластамау<br><br>Қалдықтарды қайта өңдеу<br><br>«Экологтың кеңесі» ойыны: әр оқушы табиғатты қорғау бойынша ұсыныс айтады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Идрис , Айназбен денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, жаттығулардың орындалу ретін сақтауға үйрету | Ш Омар, Дилназбен түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүргізу | А Зере , Ғ Зеремен өздігінен түрлі ойындар ойнайды, ойын ережелерін сақтап үйрету. | Азалия, Идриспен денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, жаттығулардың орындалу ретін сақтайды | Айназ, Айдармен сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **«Қар ұшады» (дайындық ойыны)**<br>**Міндеті:** Қысқа кезеңге қызығушылық тудыру.<br>**Шарты:** Ақ қағаз қиындыларын қар сияқты лақтырып, балалар «қар ұшады» деп билеп, секіреді. | **«Құстар жылы жаққа ұшты»**<br>**Міндеті:** Кеңісті кте бағдарлану қабілетін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар құс рөлінде оңнан солға ұшады, тәрбиеші бағыттарды ауыстырып отырады. | **Қимылды ойын: «Тауық пен бүркіт»**<br>**Міндеті:** Жылдамдық пен батылдықты қалыптастыру.<br>**Шарты:** Бір бала — бүркіт, қалғандары — балапандар. Бүркіт ұшып келіп, балапандарды ұстауға тырысады. | **«Күзгі киімдер»**<br>**Міндеті:** Киім атауларын еске түсіру, киіну дағдысын бекіту.<br>**Шарты:** Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші «шарф», «қолғап», «бас киім» дегенде, балалар сол киімнің кию қимылын жасайды. | **«Күзгі серуен» (қорытынды)**<br>**Міндеті:** Қозғалыс, бақылау және табиғатты сүйіспеншілікпен қабылдау.<br>**Шарты:** Балалар табиғатты аралап жүреді, жапырақ тереді, «жел», «жаңбыр», «күн» қимылдарын қоса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | орындайды. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **( сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br><br>Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Құрастыру:** Табиғи материалдардан (бүршіктер, бұтақтар) композиция жасау. шығармашылық | **«Санамақ»:** Қысқы азық салынған себеттердегі заттарды санау (10-ға дейін). таным | **«Сиқырлы жәшік»:** Жәшік ішіндегі затты сипаттамасы бойынша табу. коммуникативтік | **«Бәйге»ұлттық ойыны** Шағын кедергілерден өту арқылы жылдамдықты тексеру физикалық | **«Кітапхана»:** Жыртылған кітаптарды «емдеу», кітапқа ұқыптылықпен қарау. әлеуметтік |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **"Шынықсаң – шымыр боласың"**: Күндізгі дене шынықтыру сәттерін еске түсіру. Өнегелі 15 минут | **"Тазалық – саулық негізі"**: Қолды дұрыс жуу және гигиена ережелерін қайталау Өнегелі 15 минут | **"Пайдалы тағамдар"**: Күзгі дәрумендер (алма, сәбіз, пияз) туралы мақалдар. Өнегелі 15 минут | **"Көңілді ойын"**: Бүгінгі ойнаған жаңа ойынның ережесін ата-анасына түсіндіру. Өнегелі 15 минут | **"Қош бол, балабақша"**: Шкафтарын жинап, тазалап, келесі аптаға дайындалу. Өнегелі 15 минут |

28. 11. 2025 ж
Бекітемін
[signature]

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Желтоқсан айы 2025 жыл 1 апта

**Топ: «Балдырған» мектепалды тобы**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Тәрбиешілер: Жумабаева Ж.Б. Тугелбай А.Қ.**

Желтоқсан тәуелсіздік және отаншылдық айы
Апта дәйек сөзі: «Дос көп болса – күш көп.»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>01.12.2025 ж | Сейсенбі<br>02.12.2025 ж | Сәрсенбі<br>03.12.2025ж | Бейсенбі<br>04.12.2025ж | Жұма<br>05.12.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Шаттық шеңбері:* «Күлімде, досым, күлімде!». *Әңгімелесу:* «Көптің күші — бірлікте». Достар бірге болса, жұмыстың тез бітетіні туралы. **Коммуникативтік. Әлеуметтік** | *Дидактикалық ойын:* «Кімге не жетпейді?». *Еңбек:* Гүлдерге су құю және ойыншықтарды бірлесіп жинау. Әлеуметтік,Таным | *Тыңдалым:* «Жеті лақ» немесе «Бауырсақ» ертегісінің желісімен достық туралы әңгіме. *Сұрақ-жауап:* «Ертегі кейіпкерлеріне дос не үшін керек?». **Таным, Коммуникативтік** | *Қимылды ойын:* «Тартыс» (арқан тарту немесе жұппен кедергілерден өту). *Бақылау:* Қысқы табиғаттың алғашқы белгілерін бірге тамашалау. **Физикалық, Таным** | *Шығармашылық:* «Достық тізбегі» (қағаздан қиылған адам бейнелерін біріктіріп, қол ұстастырып жапсыру). *Қорытынды:* Апта дәйексөзін хормен қайталау. Шығармашылық. Әлеуметтік |
| | **«Күй күмбірі» Алатау** https://zvyki.com/song/10056931 Kurmangazy - Alatau<br>**Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | «Бірлік бар жерде — тірлік бар» **Әңгімелесу:** Балаға «ынтымақ» дегенді қалай түсіндіруге болады? Отбасы мүшелерінің бір- | «Дос көп болса — күш көп» **Кеңес беру:** Тәуелсіз Қазақстанда көптеген ұлттардың дос болып өмір | «Достық — татулық кепілі»**Әңгімелесу:** Баланың балабақшадағы достары туралы сөйлесу. «Досыңмен бірге ойнағанда | «Тәуелсіздік — біздің ортақ қуанышымыз» **Консультация:** Еліміздің Тәуелсіздік мерекесіне дайындық. Үйде баламен бірге патриоттық әндер | «Ел достығы — ел байлығы»: Апта дәйексөзін бекіту. Ата-аналарға баланың бойында басқа ұлт өкілдеріне, достарына деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біріне көмектесуі — үлкен бірліктің бастауы екенін айту. | суретіні туралы. Балаға достықтың күш екенін қарапайым мысалдармен (бір шыбықты сындыру оңай, бір буманы сындыру қиын) түсіндіру. | қандай жетістікке жеттің?» деген сұрақ арқылы ұжымдық жұмыстың маңызын ашу. | тыңдау немесе туған ел туралы сурет салу арқылы ортақ мақсатқа жұмылу. | құрмет пен бауырмалдықты қалай дамыту керектігі туралы жадынама тарату. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **Ерте кәсіптік бағдар беру**<br>Маманның бір күні<br>**Шарты:** Тәрбиеші бір маманның (дәрігер, мұғалім, өрт сөндіруші, наубайшы) жұмыс барысын қысқа әңгіме ретінде айтады. Балалар қай маман екенін табады және "егер сен осы маман болсаң, күні бойы не істетер едің?" деп өз ойымен бөліседі. | **Адалдық әліппесі**<br>Таразыға сал<br>**Шарты:** Тәрбиеші екі таразы суретін көрсетеді: "әдептілік" және "әдепсіздік". Балаларға әрекеттер айтылады (көмектесу, алдау, бөлісу, әдейі бүлдіру, сыпайы сөйлесу). Балалар оны қай таразыға салу керегін айтады. Соңында дұрыс пен бұрыстың айырмашылығын түсіндіреді. | **Адал азамат біртұтас тәрбие**<br>Менің мінез ережем<br><br>**Шарты:** Балаларға түрлі жағдаят карточкалары беріледі: "Досымен келісе алмады", "Қатарын итеріп өтті", "Сабақта тыныш отырды", "Тазалық сақтады". Балалар әр карточка үшін өз ережесін құрастырады: "Мен… жасаймын", "Мен… жасамаймын". Мысалы: "Мен өз орнымды сақтаймын", "Мен итермеймін". | **Құқықтық сауаттылық**<br>**Шарты:** Тәрбиеші екі сурет көрсетеді: Балалар кезекпен ойнап тұрБір бала кезектен шығарып кетіп жатыр Балалар: "Қайсысы заңға сәйкес?" деп таңдап, себебін түсіндіреді.<br>Ойын басқа жағдайлармен жалғасады: затқа таласу, кітапты бүлдіру, рұқсат сұрап алу. | **Қаржылық сауаттылық**<br>Ақшаны жарату жоспары<br>**Шарты:** Балаларға ойын ақшасы және үш қағаз қорапша беріледі: "Қажет", "Үнемдеймін", "Қалау".<br>Тәрбиеші заттардың суреттерін көрсетеді: дәптер, нан, ойыншық, шоколад, киім.<br>Балалар әр затты сәйкес қорапқа салады. Неге олай таңдағанын түсіндіреді. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">1. Б.қ. н.с. қол артта, саусақты жұдырық етіп ұстау, 1 – дегенде қолды белдің деңгейіне көтеру, 2 –дегенде кеуде тұста, 3 – дегенде – жоғары, 4- қол екі жаннан б.қ. 5-6 рет.<br>2. Б.қ. аяқты алшақ ұстау, қол жоғары, 1 – алдыға еңкею бір мезгілде қол артта, дем алу. 2 б.қ. қолға қарау., -дем алу, сол сияқты баяу 2 рет, сол сияқты б.қ. тізеде тұру.<br>3. Б.қ. аяқ алшақ, қол белде , 1 – сол сияқты бүгу, алдыға еңкею, қолмен еденге тигізу бүгілген аяқты 2 – б.қ. сол сияқты, екінші аяқпен. 4-5 рет<br>4. Б.қ. аяқ алшақ, қол бастың артында, 1-2 еңкею оңға, қол жоғары – демалу, 3-4 б.қ. демалу сол сияқты екінші жаққа.<br>5. Б.қ. отыру, аяқ алшақ, қол артта, 1-2 оң аяқты көтеру, сол жақтан ауыстыру, еденге тигізу, 3-4 б.қ. сол сияқты екінші аяқпен , б.қ. арқада жату. 4-5 рет.<br>6. Б.қ. тізеде тұру. 1-2 арқада бүгілу, басты артқа ұстау, қолмен өкшеге тигізу. 3-4 б.қ. 5-6 рет<br>7. Б.қ. н.қ. бір аяқтан екінші аяққа секіру, жүрумен ауыстыру. 3 рет қайталап 20 рет секіру.<br>8. Б.қ. н.қ. 1- 8 қолды кезек екі жанға көтерну, екі жанға – төмен 4-5 рет.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>«Сыбырлаған телефон» ойыны. Тәрбиеші баланың құлағына бүгінгі сабақтың кілт сөзін сыбырлайды, ол тізбек бойынша келесі балаға жеткізеді. Бұл зейінді бірден шоғырландырады.</td><td>Ортаға жабық қобдиша қойылады. Ішінде бүгінгі ҰІӘ қатысты зат (мысалы, ермексаз немесе сурет) бар. Балалар оны дыбысынан немесе сипап сезу арқылы табуы керек.</td><td>«Қоңыраудың сыңғыры». Тәрбиеші кішкентай қоңырауды соғады. Қоңырау дауысы толық басылғанша балалар үнсіз отыруы тиіс.</td><td>«Не өзгерді?» ойыны. Тәрбиеші үстел үстіне 5 түрлі зат қояды. Балалар көзін жұмғанда бір затты тығып қояды. Балалар ненің жоқ екенін табуы керек.</td><td>«Күн мен Түн» ойыны. «Күн» дегенде балалар қимылдайды, «Түн» дегенде қатып қалады. Бұл баланың өзін-өзі бақылау қабілетін оятады.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: «Сөйлем дегеніміз не?»<br>**Міндеті:** Балаларға сөйлемнің ойды білдіретінін ұғындыру Сөйлемнің сөздерден тұратынын түсіндіру<br>**Әдісі:** әңгімелесу, көрнекілік, ойын<br>**Тапсырмасы:** Қысқа сөйлемдер құрау: «Асан келді», «Күн ашық» «Қайсысы сөйлем?» ойыны – сөйлем мен жеке сөздерді салыстыру<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Киіз үй – қазақтың қазынасы»<br>**Тілдік дамытушы орта:**<br>Балалар киіз үй макетімен, оның бөлшектерімен танысады (шаңырақ, кереге, уық, басқұр, ши).<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Қоршаған ортадағы пішіндер»<br>**Міндеті:**<br>Күнделікті өмірден геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды табу Танымдық қызығушылықты арттыру<br>**Әдісі:** бақылау, зерттеу, ойын<br>**Тапсырмасы:**<br>Серуен кезінде заттардың пішінін анықтау<br>«Не қай пішінге ұқсайды?» ойыны<br><br>**Музыка**<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Қазақтың тұрмыстық бұйымдары»<br>**Тілдік дамытушы орта:**<br>Сандық, кебеже, ағаш керует, кілем, сырмақпен | **Математика негіздері** Тақырыбы: «Шеңбер және тіктөртбұрыш»<br>**Міндеті:**<br>Шеңбер мен тіктөртбұрышты ажыратуға үйрету Пішіндердің ерекшелігін түсіндіру<br>**Әдісі:** салыстыру, көрсету, ойын<br>**Тапсырмасы:**<br>Қолға ұстайтын заттардан шеңбер мен тіктөртбұрышқа ұқсас пішіндерді табу «Қайсысы артық?» ойыны<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Әдеби кейіпкер деген кім?»<br>**Міндеті:**<br>Әдеби кейіпкер ұғымын түсіндіру Кейіпкердің іс-әрекетіне баға беруге үйрету<br>Өз көзқарасын жеткізу дағдысын қалыптастыру<br>**Әдісі:** әңгімелеу, | **Сауат ашу**<br>Тақырыбы: «Сөйлемдегі сөздердің байланысы»<br>**Міндеті:**<br>Сөйлем құрамындағы сөздердің ретін байқау Сөйлемді дұрыс айту және тыңдау дағдысын дамыту<br>**Әдісі:** сұрақ-жауап, ойын, топтық талдау<br>**Тапсырмасы:**<br>«Сөздердің орнын тап» ойыны – шатасқан сөйлемді дұрыстау<br>Сурет бойынша сөйлем құрау: «Бала доп ойнады»<br><br>**Музыка**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Кейіпкер ісі — өнеге ме?»<br>**Міндеті:**<br>Кейіпкердің іс-әрекетін бағалай білуге үйрету Жақсы мен жаман қылықты ажыратуға дағдыландыру<br>**Әдісі:** талдау, пікір айту, рөлдік ойын | **Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: «Қысқа және ұзақ сөйлемдер»<br>**Міндеті:**<br>Сөйлем ұзындығын салыстыра білуге үйрету<br>Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру<br>**Әдісі:** салыстыру, әңгімелеу, ойын<br>**Тапсырмасы:**<br>Қысқа сөйлем құра: «Қар жауды»<br>Ұзақ сөйлемге толықтыр: «Қар жауды, балалар қуанды»<br><br>**Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Сопақша пішінмен танысу»<br>**Міндеті:**<br>Сопақша пішінді шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру<br>Сопақшаның ерекшелігін тану<br>**Әдісі:** көрнекілік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Шаңырақ» сөзіндегі дыбыстарды анықтау (ш – басы, ы – ортасы, қ – соңы). Артикуляциялық жаттығу: «Жылан тілі».<br>**Сөздік қор:**<br>Жаңа сөздермен танысу: шаңырақ, уық, кереге, басқұр, алаша.<br>**Грамматикалық құрылым:**<br>Тәуелдік жалғауын қолдану: *менің киіз үйім, сенің киіз үйің, оның киіз үйі.*<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Киіз үй туралы 3–4 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құрастыру.<br>**Ойын:** «Қай бөлшек қайда тұрады?» Карточкадағы заттарды киіз үйдің суретіне орналастырып, атын айту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: | таныстыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>«Сандық», «кілем» сөздерінің дыбыстарын талдау.<br>**Сөздік қор:**<br>Жаңа сөздер: сандық, кебеже, кілем, сырмақ, төсеніш.<br>**Грамматикалық құрылым:**<br>Септеу үлгісі: *сандықта не бар? – Сандықта киім бар.*<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>«Әжемнің үйінде...» тақырыбына шағын әңгіме айту.<br>**Ойын:** «Бұл не үшін керек?» Балалар суреттегі бұйымның қызметін айтады.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Тақырыбы: «Жақсы мен жаман | талдау, сұрақ-жауап, ойын элементтері<br>**Тапсырмасы:**<br>Көркем ертегі немесе әңгімеден қысқа үзінді тыңдап, «Кейіпкер не істеді?» сұрағына жауап беру «Мен не істер едім?» – өз әрекетін салыстыру<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым»<br>**Сурет салу:**<br>Қарындашпен немесе бояумен түрлі түстерді үйлестіріп салу.<br>**Тапсырмасы:** Өз ойыншығын бейнелеп, фонды өзі таңдайды, түстерді қанық беру.<br>**Мүсіндеу:**<br>Тұтас кесектен немесе ұсақ бөліктерден біріктіріп мүсіндеу. | **Тапсырмасы:**<br>«Мақта қыз бен мысық» ертегісін талдау – кейіпкерлердің ісін салыстыру<br>«Мен Мақта қыз болсам...» шығармашылық жауап<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Тақырыбы: «Үлкенді сыйлау – кішіге қамқор болу»<br>**Міндеті:**<br>Балаларға сыпайылық, сыйластық ұғымдарын түсіндіру, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Әдісі:** әңгіме, көрініс, мақал-мәтелдер жаттау.<br>**Тапсырмасы:**<br>Мақалды аяқтау: «Үлкенге – ...», «Кішіге – ...».<br>«Отбасындағы сыйластық» сурет бойынша әңгіме. | ойын, әңгімелеу<br>**Тапсырмасы:**<br>Пішіндерді салыстыру кестесімен жұмыс<br>Суреттен сопақша пішінге ұқсас затты табу<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: «Дыбыстар әлемінде»<br>**Міндеті:**<br>Дыбыстарды анық айтуға машықтандыру<br>Тіл бұлшықеттерін дамыту<br>**Әдісі:** айна арқылы бақылау, артикуляциялық жаттығу, ойын<br>**Тапсырмасы:**<br>«Айнаға қарап айт!» – балалар айнаға қарап дыбыстарды айтады<br>«Кім тез айтады?» – қысқа сөздерді (ата, ана, бала, дала) дұрыс, анық айту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Дыбыстарды ажыратайық»<br>**Міндеті:**<br>Балалардың фонематикалық естуін дамыту Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру Сөздегі дыбыстың орнын (басы, ортасы, соңы) анықтауға үйрету<br>**Әдісі:** ойын, көрсету, тыңдату, қайталау<br>**Тапсырмасы:**<br>«Қай дыбыс жоғалды?» ойыны тәрбиеші үш дыбысты айтады (м, а, н), кейін біреуін алып тастайды<br>«Дыбыстың орнын тап» — «алма» сөзіндегі *а* дыбысы қай жерде?<br>Артикуляциялық жаттығу «Күлегеш ерін», «Жылан тілі»<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**:<br>Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу, | қылықтар»<br>**Міндеті:**<br>Балаларды адамгершілік ұғымымен таныстыру, жақсы және жаман іс-әрекеттерді ажыратуға үйрету.<br>**Әдісі:** әңгімелеу, ойын, көрініс қою.<br>**Тапсырмасы:**<br>Суреттер арқылы жақсы және жаман қылықтарды анықтау.<br>«Жақсылық жаса!» ойыны — жағдаяттарды талдау. | **Тапсырмасы:** Балшықтан немесе ермексаздан сүйікті ойыншығын жасау.<br>**Жапсыру:**<br>Қайшымен қию, желімдеу, сәнді бөлшектермен толықтыру.<br>**Тапсырмасы:** «Ойыншық дүкені» атты топтық жапсыру жасау.<br>**Құрастыру:**<br>Құрылыс материалдарымен немесе конструктор бөлшектерімен жұмыс.<br>**Тапсырмасы:** «Ойын алаңы» макетін жасау.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды желкеге қою, шынтақты жан-жаққа созу.<br>Арқа мен іш бұлшықеттерін белсендіру жаттығулары. | | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Шалқасынан жатып іш бұлшықет жаттығулары (5–6 рет).<br>Жұппен серіктес аяқтарын ұстап, денені көтеру.<br>Стретчинг: қол мен аяққа созылу жаттығулары, бүйірге еңкею.<br>**Негізгі қимыл:**<br>Скамейка бойымен етпеттеп жылжу, қолмен тартылып қозғалу.<br>Арқан астымен еңбектеу, соңында секіріп өту.<br>Тепе-теңдікті сақтап скамейкадан өту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Жүгір – тоқта – бұрыл!» — бағытты тез өзгертуге арналған ойын.<br>Спорттық жаттығу:<br>Шанамен еңістен сырғанау және тежеу техникасын меңгеру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғары көтеріп айналдыру.<br>Гимнастикалық қабырғаға арқамен сүйеніп тұрып, кезекпен аяқты бүгу және көтеру.<br>Демді мұрынмен алып, қолды жоғары көтеру, демді ауызбен шығарып, қолды төмен түсіру.<br>**Негізгі қимыл:**<br>«Жыланша» төрттағандап еңбектеу (3–4 м), кедергілер арасымен қозғалу.<br>Еденге қойылған сызық бойымен еңбектеу және шеңберлердің ішінен өту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кім шапшаң еңбектейді?» — балалар белгіленген бағытпен еңбектеп жарысады.<br>**Музыкалық-ырғақтық жаттығу:**<br>«Біз билейміз» — таныс дене | | Өкшемен және аяқ ұшымен жүру.<br>**Негізгі қимыл:**<br>Допты баспен итеріп, еңбектеп жылжу (3–4 м).<br>Кедергіден секіріп, қайта еңбектеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Жел мен қар» — белгі бойынша жүгіру, «қар жауды» дегенде еңкейіп отыру.<br>Спорттық элемент: Шанамен жұптасып сырғанау, бағыт пен жылдамдықты бақылау.<br>**Гигиеналық дағды:**<br>Қолды сабындап жуу және тісті тазалау ережелерін қайталау. | | **Салауатты өмір салты:**<br>«Денемізді шынықтыру – денсаулық кепілі» тақырыбында әңгіме. Дұрыс тамақтану, жылы киіну, белсенді болу маңызын түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуларын музыка ырғағымен орындау.<br>**Шынықтыру элементі:**<br>Таңертеңгі сергіту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары.<br>Серуен кезінде дұрыс жүру дағдыларын бекіту. | | | | |
| | атап, сипаттайды.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: «Сурет бойынша әңгіме»<br>**Міндеті:**<br>Шығармашылық сөйлеуін дамыту<br>Оқиға бойынша мазмұнды әңгіме құрастыру<br>**Әдісі:** бақылау, сурет әңгімелеу, рөлдік ойын<br>**Тапсырмасы:**<br>«Ормандағы жануарлар» суретін сипаттап, әңгіме құра<br>«Бір күні...» деп басталатын оқиға ойлап табу<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды жоғары көтеру, айналдыру, еңкею, созылу (10–12 рет).<br>**Негізгі қимыл:**<br>Бөренеден аттап өту, теңселіп жүру, кедергіден секіру және еңкею.<br>**Қимылды ойын:** | Тәрбиеші сипаттама береді, бала батырдың атын табады.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Тақырыбы: «Қазақ үйі – ұлттық мұра»<br>**Міндеті:**<br>Киіз үйдің құрылысын, маңызын таныстыру.<br>**Әдісі:** сурет көрсету, макетпен жұмыс, әңгімелеу.<br>**Тапсырмасы:**<br>Киіз үй бөліктерін атау.<br>Қағаздан киіз үй құрастыру.<br><br><br>**«Қош келдің» Жаңа жыл!» ертеңгілігі** | **Тапсырмасы:** «Менің арманым» атты шығармашылық сурет.<br>**Мүсіндеу:**<br>Қиялдағы бейнелер мен заттарды мүсіндеу.<br>**Тапсырмасы:** «Қиялдағы кейіпкер» немесе «Болашақ қаласы» мүсіні.<br>**Жапсыру:**<br>Қиял мен арман тақырыбында жапсыру композициясын орындау.<br>**Тапсырмасы:** «Арман елі» сюжеттік жапсыру.<br>**Құрастыру:**<br>Қалдық немесе табиғи материалдардан бұйым жасау.<br>**Тапсырмасы:** «Арман үйі» немесе «Кеме» құрастыру.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Жалпы дене сергіту жаттығулары,<br>аяқты айқастырып отыру-тұру.<br>**Негізгі қимыл:**<br>Барлық меңгерілген қозғалыстарды кешенді қайталау. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Кім мықты?» — төзімділік пен шапшаңдыққа арналған ойын.<br>**Спорттық жаттығу:** Шанамен жарысу, мәреге дейін жету.<br>**Салауатты өмір салты:** «Денсаулық менің байлығым» — қорытынды әңгіме. | | **Қимылды ойын:** «Қысқы эстафета» — топтық жарыс, секіру, еңбектеу, жүгіру элементтерімен.<br>**Шынықтыру элементі:** Тыныс алу, жеңіл уқалау, белсенді демалыс. | | |
| **2 таңғы ас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы арқылы еңбекке баулу. Жемістер мен сүт өнімдерінің пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Үстел басында өзін-өзі ұстау этикетін (арқаны түзу ұстау, ас құралдарын дұрыс қолдану) бекіту.<br>Қол жуу кезінде кезек күту, суды шашыратпау және жеке сүлгіні ұқыпты қолдануды автоматты деңгейге жеткізу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртін деп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **«Қар бүршіктері»** (Төсектегі жаттығу)Арқамен жатып, қол-аяқты жан-жаққа созу. «Қар бүршігі» сияқты дөңгеленіп жиырылу және қайта жазылу. Саусақтарды «дірілдету». | **«Сиқырлы шамдар»** (Массаж)Алақанды бір-біріне қатты үйкеп, «шам жағу». Жылы алақанды көздің, беттің тұсына басу. Құлақ сырғалықтарын жеңіл тарту. | **«Аяз бен су»** (Шынықтыру)Шынтаққа дейін салқын сумен жуыну. Сүлгімен білектерді жеңіл ысқылау. «Біз мықтымыз!» деп сергек күйге көшу. | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа  толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және** | **Математика негіздері**<br>Қар түйіршіктерімен ойындар. Жиынның бөліктерін санау. | **Сауат ашу негіздері**<br>Карточкалармен жұмыс. Сөйлемді ауызша талдау:жай сөйлемдерді | **Қазақ тілі**<br>Туыстыққарым-қатынасты(«бауыр»,«немере»,«шөбере»,«ағайын», | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету.<br>Жеке карточкалармен жұмыс.<br><br>**«Кішкентай ізденушілер»** вариативтік сағат<br>**Тақырыбы:**<br>«Қағаз туралы не білеміз?»<br>Мақсаты: Қағаздың түрлерімен, қасиетімен таныстыру<br>Ойын: «Қай қағаз?»<br>Балаларға әртүрлі қағаздар таратылады (жұқа, қалың, түрлі түсті, майлық, картон).<br>Бала қағазды ұстап көріп, оның қандай қағаз екенін атайды.<br><br>Ойыны: «Не болады?»<br>Мақсаты: қағаздың қасиеттерін тану.<br>Ойын шарты:<br>Балалар қағазды жыртады, бүктейді, суға салады.<br>Тәрбиеші сұрақ қояды:<br>– Не болды?<br>– Қандай өзгеріс көрдің? | сөздерге бөлу, Әртүрлібағыттағы қысқа, ұзын, сызықтарды жазуға мүмкіндікберу. | «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Мағанасын қуыршақтармен ойын арқылы түсіндіру | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын: «Қағаздан жасаймыз»<br>Мақсаты: шығармашылық қабілетті дамыту.<br>Ойын шарты:<br>Балалар қағаздан қарапайым пішіндер жасайды (шар, жапырақ, кітапша).<br>Дайын жұмыстарын көрсетіп, атайды. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Идрис, Азалия допты екі қолмен қағып алуға талпындыру | Аян, Айдар, Т.Омар рөлдерде ойнағанда, мінез-құлқын жеткізуге үйрету | Айназ, Идрис, Азалия сапта жүруге, аттап жүруге талпындыру | | |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | *«Қарлы соқпақпен жүру»*<br>**Міндеті:** Төзімділік пен ептілік.<br>**Шарты:** Кедергілер арасынан сүрінбей жүру. | *«Қар үстіндегі би»*<br>**Міндеті:** Эстетикалық талғам мен ырғақ сезімін дамыту.<br>**Шарты:** Музыкамен қар ұшқынын бейнелеп би | *«Жаңа жыл келді!»*<br>**Міндеті:** Ұжымдық көңіл-күй мен мерекелік шаттық қалыптастыру.<br>**Шарты:** Балалар шырша айналасында ән айтып, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | билеу. | қимыл арқылы мерекелік көңіл білдіреді. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **( сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.<br><br>Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **«Лабиринт»:** Қоянға қасқырдан қашып, өз ініне жетуге көмектесу. танымдық | **Құрастыру:** Түрлі қораптардан «Қысқы қалашық» жасау. шығармашылық | **«Пошта»:** Қысқы мерекелерге арналған құттықтау хаттар мен «сәлемдемелер» дайындау. әлеуметтік | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **"Көңілді маскарад"**: Ертеңгілікке дайындық, кейіпкерлерді талқылау. Өнегелі 15 минут | **"Сиқырлы таяқша"**: "Егер менде сиқырлы таяқша болса, достарыма не сыйлар едім?" деген тақырыпта қысқа қиял-ғажайып сәт. Өнегелі 15 минут | **"Жаңа жылдық ізгі тілектер"**: Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, келе жатқан жаңа жылға арнап ең жақсы тілектерін айтады. Өнегелі 15 минут | | |

31. 12. 2025 ж.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қаңтар айы 2026 жыл 1 апта**

**Топ: « Балдырған» мектепалды тобы**
**Балалардың жасы :5 жас**
**тәрбиешілер: Тугелбай А.Қ. Жумабаева Ж**

**Қаңтар – заң және тәртіп айы**

Апта дәйек сөзі: «Тәртіпке бағынған – озар.»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 05.01.2026 ж | Сейсенбі 06.01.2026 ж | Сәрсенбі 07.01.2026 ж | Бейсенбі 08.01.2026ж | Жұма 09.01.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Шаттық шеңбері:* «Амандасу – парызымыз» (түрлі әдіспен амандасу). *Әңгімелесу:* «Тәртіп деген не?». Күн тәртібін сақтаудың маңызы туралы. **Коммуникативтік, Әлеуметтік** | *Дидактикалық ойын:* «Болады – болмайды» (ережелерді суреттер арқылы ажырату). *Жеке жұмыс:* Шкафтағы киімдерді жинау тәртібін пысықтау. **Таным, Әлеуметтік** | | *Ойын-жаттығу:* «Бағдаршам» (жол ережесін сақтау). *Бақылау:* Ауладағы тазалықты сақтау, қоқыс тастамау. **Физикалық, Таным** | **«Тәртіпті бала – сүйікті бала»** *Шығармашылық:* «Тәртіп белгілерін» суретпен бейнелеу (мысалы: жымиған бала, таза бөлме). *Қорытынды:* Апта дәйексөзін хормен қайталау. **Шығармашылық, Әлеуметтік** |
| | **«Күй күмбірі»** Бозінген https://zvyki.com/song/70145592/Elemes_Talasbaj_-_Boz_ngen/ **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Күн тәртібі — денсаулық кепілі»**Әңгімелесу:** Үйдегі күн тәртібінің маңызы. Ұйқы, тамақтану және ойын уақытын жүйелеу арқылы баланың жүйке жүйесін сақтау | «Тәртіпке бағынған — озар» **Кеңес беру:** Апта дәйексөзінің мағынасын ашу. Ережелерді сақтау (жол ережесі, үйдегі тәртіп) баланы қауіптен сақтап, | | «Қоғамдық орындардағы мәдениет»**Консультация**: Көшеде, көлікте, қонақта өзін-өзі ұстау ережелері. Баланы «болмайды» деген сөзді түсінуге және басқалардың тыныштығын бұзбауға | «Тәртіпті бала — сүйікті бала»**Қорытынды:** Апта бойы баланың тәртібіндегі оң өзгерістерді атап өту. Ата-аналарға баламен бірге «Менің үйімдегі ережелер» атты шағын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және жинақылыққа баулу жолдары. | мақсатына тез жеткізетінін мысалдармен түсіндіру. | | үйрету. | плакат жасауды ұсыну. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **сюжеттік-рөлдік ойын**«Пошта»<br>**Құралдар:**<br>Хаттар, конверттер, қорап, сөмке.<br>**Ойын барысы:**<br>Бір бала – **пошташы**, қалғандары – **хат алушылар**.<br>Пошташы хаттарды таратады, балалар хатты алып, кімнен келгенін айтады. | **Адалдық әліппесі «Адал шешім»**<br>Адалдықты түсініп, ойлану.<br>Тәрбиеші шағын оқиға айтады.<br>**Мысал:**<br>«Айша ойыншықты сындырып алды. Ол не істеу керек?»<br>**Сұрақтар:**<br>Шын айту керек пе? Неге?<br>**Ой:**<br>*«Адал бала – батыл»* | | **Қаржылық сауаттылық «Ақшаны жоспарлаймын»**<br>Ақша мен қажеттілікті түсіну.<br>**Құрал:**<br>2 ойыншық ақша<br>**Таңдау:**<br>кітап<br>тәтті<br>ойыншық<br>**Тапсырма:**<br>2 ақшаға не алуға болады?<br>**Сұрақ:**<br>Неге осыны таңдадың?<br>**Ой:**<br>*«Ақшаға ойлап аламыз»* | Құқықтық тапсырма<br>**Ситуация:**<br>«Біреу сені итеріп жіберді»<br>**Таңдау:**<br>Жылап кету<br>Үлкенге айту<br>Дұрыс — *көмек сұрау* |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау<br>1. Б.қ. екі қолды иыққа қою, 1-3 – қолды иықта айналдыру, 4 – қолды түсіру. 5-6 рет қайталау.<br>2. Б.қ. отыру, екі аяқты алшақ қою, екі қол желкеде, 1- сол қолды еденге тигізіп оңға бұрылу – дем шығару, 2- б.қ. – дем алу. Сол сияқты солға бұрылу, 5-6 рет қайталау<br>3. Б.қ. екі қолды белге қойып тізерлеп отыру. 1- сол аяқты жанына созу, 2- б.қ. , 3-4 – осы сияқты оң аяқпен жасау. Сол сияқты аяқты созып, екі қалпын өзгерту; қолды екі жаққа, алға, жоғары көтеру.<br>4. Б.қ. арқамен жатып. 1-2 екі аяқты жоғары түзу көтеру, бастан асыра аяқтың ұшын еденге тигізу, 3-4 б.қ. 5-6 рет қайталау.<br>5. Б.қ. артынан теріп отыру. 1 – 2 тізені бүгіп, жамбасты сәл көтеру, аяқтың өкшесіне жамбасты тигізу – дем шығару; 3 – 4 б.қ.– дем алу 6 – 8 рет қайталау.<br>6. Б.қ: 1 оң қолды желкеге қою; 2 – сол қолды желкеге қою; 3 – оң қолды көтеру; 4 – сол қолды көтеру; 5 – 8 – | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керсінше жасау. Жаттығуды әртүрлі жылдамдықпен жасау керек. 5 – 6 рет қайталау.<br>7. Б.қ: Тізені жоғары көтеріп бір аяқтан екінші аяққа секіру. 4 – 5 рет қайталау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Сиқырлы таяқша»**Тәрбиеші таяқшамен балаларды «гүлдерге», «құстарға» немесе «көбелектерге» айналдырады. Балалар соған сәйкес қимылдар жасайды. | **Ұлттық ойын:** «Ақ серек, көк серек» (бейімделген түрі)Балалар екі топқа бөлініп, қол ұстасып тұрады. Бір-біріне жақсы тілек айтып, есімдерін атап шақырады. Бұл балаларды ұйымшылдыққа баулиды | | **Дидактикалық ойын:** «Сиқырлы пішіндер»Тәрбиеші түрлі түсті пішіндерді (шеңбер, шаршы, үшбұрыш) көрсетеді. Балалар айналадан соған ұқсайтын заттарды табады. Мақсаты: зейінді және танымды дамыту. | **«Сөзді жалғастыр»** (Дид. ойын)Тәрбиеші бастаған сөйлемді бала аяқтайды. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Сөйлем неден тұрады<br>**Міндеті:**<br>Жай сөйлемді сөздерге бөлуге үйрету. Сөйлемдегі сөз санын анықтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Заттардың орналасуын анықтаймыз<br>**Міндеті:**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Заттардың сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде орналасуын | | **Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** Көлденең және тік сызықтар<br>**Міндеті:**<br>Қол қимылын дамыту. Тік және көлденең сызықтарды дұрыс жүргізуге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Көрсету, жаттығу, жеке жұмыс. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Сөйлемдегі сөздердің реті<br>**Міндеті:**<br>Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін түсіндіру. Сөздердің орнын дұрыс айтуға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгімелеу, ойын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тапсырмалары:** Тәрбиеші айтқан жай сөйлемді тыңдау. Сөйлемді сөздерге бөліп айту. Әр сөзді қол шапалақтау арқылы белгілеу. Сөйлемде неше сөз бар екенін айту. белгі беру. **Қазақ тілі**«Табиғат әлемі – туған өлкем» **Тілдік дамытушы орта:** Балалар туған өлкенің табиғаты бейнеленген суреттермен, фотолармен, альбомдармен танысады. Табиғат көріністерін қарап, өз ойларын еркін айтады. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** «Табиғат» сөзіндегі дыбыстарды анықтау т – басы, ғ – ортасы, т – соңы Артикуляциялық жаттығу: «Жел | ажыратуға үйрету. **Әдіс-тәсілдері:** Көрсету, әңгімелеу, ойын. **Тапсырмалары:** Алдындағы заттың қай жақта тұрғанын айту. Тәрбиеші қойған затты сипаттау. «Қайда тұр?» сұрағына жауап беру. Заттың орнын сөзбен көрсету. **Музыка** музыка жетекшісі жоспарымен **Қазақ тілі** «Табиғаттағы әсемдік» **Тілдік дамытушы орта:** Табиғаттың әсем көріністері бейнеленген суреттермен жұмыс жасау. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** «Өзен» сөзіндегі дыбыстарды анықтау ө – басы, з – ортасы, | | **Тапсырмалары:** Үлгі бойынша тігінен сызық сызу. Үлгі бойынша көлденең сызық сызу. Сызықтардың арасындағы арақашықтықты сақтау. Берілген жолды өз бетінше жалғастыру. **Музыка** музыка жетекшісі жоспарымен **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Сөйлемді сөздерге бөлеміз **Міндеті:** Жай сөйлемді ауызша талдауға үйрету. Сөйлемдегі сөздердің санын және ретін анықтау. **Әдіс-тәсілдері:** Сұрақ-жауап, түсіндіру, жаттығу. **Тапсырмалары:** Сөйлемді тыңдау. Сөйлемді сөздерге бөліп айту. Әр сөзді ретімен атау. Сөйлемде неше сөз бар екенін айту. **Қоршаған әлеммен таныстыру** | көрнекілік. **Тапсырмалары:** Сөйлемді тыңдап, бірінші айтылған сөзді атау. Соңғы сөзді анықтау. Сөздердің орнын ауыстырып айтып көру. Дұрыс нұсқасын қайта айту **Математика негіздері** **Тақырыбы:** Бағытты сақтап қозғалайық **Міндеті:** Қозғалыс бағыттарын түсіндіру. Сол жаққа, оң жаққа, алға, артқа қозғала білуге үйрету. **Әдіс-тәсілдері:** Қимылды ойын, көрсету, қайталау. **Тапсырмалары:** Тәрбиеші айтқан бағытта жүру. Алға және артқа қадам жасау. Солға және оңға бұрылу. Қозғалысты сөзбен айтып отыру. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Заттар туралы әңгімелейміз **Міндеті:** Сөздік қорды байыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | соқты».<br>**Сөздік қор:**<br>табиғат, тау, өзен, орман, дала, гүл<br>**Грамматикалық құрылым:**<br>Тәуелдік жалғауын қолдану<br>менің тауым, сенің орманың, оның өзені<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Табиғат туралы 3–4 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құрастыру.<br>**Ойын:** «Табиғатты тап»<br>Карточкадағы табиғат нысандарын суретке орналастырып, атын айту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Дыбысты тыңдаймыз және ажыратамыз<br>**Міндеті:**<br>Фонематикалық естуді дамыту. Сөздің басындағы дыбысты ажыратуға үйрету.<br>Артикуляциялық | н – соңы<br>Артикуляциялық жаттығу: «Толқын».<br>**Сөздік қор:**<br>әдемі, көркем, жасыл, көк, таза<br>**Грамматикалық құрылым:**<br>Хабарлы және сұраулы сөйлемдерді ажырату.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Сурет бойынша табиғатты сипаттап әңгімелеу.<br>**Ойын:** «Қандай?»<br>Тәрбиеші затты атайды, бала оның белгісін айтады.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Жолдағы қауіпсіздік<br>**Міндеті:**<br>Жолда өзін қауіпсіз ұстау ережелерін үйрету. Жаяу жүргіншінің міндеттерін түсіндіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгімелеу, | | **Тақырыбы:** Бағдаршам бізге не айтады<br>**Міндеті:**<br>Бағдаршам түстерінің мағынасын түсіндіру. Бағдаршамға қарап жолдан дұрыс өтуге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Көрсету, ойын, қайталау.<br>**Тапсырмалары:**<br>Бағдаршам түстерін атау. Әр түстің не білдіретінін айту. Жасыл жанғанда жүру, қызыл жанғанда тоқтау әрекетін көрсету. Ойын арқылы бекіту. | Заттың негізгі белгілерін айтуға үйрету. Қарапайым сөйлеммен жауап беру дағдысын қалыптастыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Көрнекілікпен жұмыс, әңгімелесу, ойын.<br>**Тапсырмалары:**<br>Алдындағы ойыншықтың атын айту. Оның түсін және көлемін сипаттау. «Бұл не?» сұрағына толық сөйлеммен жауап беру. Затты екі-үш сөзбен сипаттап айту.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**I. Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қол жаттығулары:<br>– Қол сермеу;<br>– Қолмен шеңбер сызу.<br>Кеуде жаттығулары:<br>– Алға еңкею;<br>– Қолды екі жаққа созып, кеудені ашу.<br>Арқа жаттығулары:<br>– Стретчинг: арқа бұлшық етін босату; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аппараттың қимылын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Ойын арқылы үйрету, көрсету, қайталау, сұрақ-жауап.<br>**Тапсырмалары:**<br>Айнаға қарап «а» дыбысын дұрыс айту. Тәрбиеші айтқан сөздерді тыңдап, қай дыбыстан басталатынын айту. Суреттер ішінен аты белгілі бір дыбыстан басталатын затты табу. Дыбыс дұрыс анықталса, қол көтеру арқылы<br>**Дене тәрбиесі**<br>**І. Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қол жаттығулары:<br>– Қолды желкеге қою, жоғары созу;<br>– Қолды кезек жоғары-артқа сермеу;<br>– Қолды сыртқа және ішке айналдыру.<br>Кеуде жаттығулары:<br>– Алға еңкею, алақанды еденге | көрнекілік, сұрақ-жауап.<br>**Тапсырмалары:**<br>Жолда қалай жүру керектігін тыңдау. Жаяу жүргіншінің қай жермен жүретінін айту. Қауіпті және қауіпсіз жағдайларды ажырату. Өз ойын сөйлеммен жеткізу. | | | – «Жылан» қозғалысы – денені біртіндеп жоғары көтеру.<br>Аяқ жаттығулары:<br>– Өкшемен жүру;<br>– Ұшпен жүру;<br>– Отырып–тұру.<br><br>**ІІ. Негізгі қимыл: Жүру және тепе-теңдік**<br>– Түзу бағытта жүру;<br>– Жұппен шеңбер бойымен жүру;<br>– Сызық бойымен тепе-теңдік сақтау;<br>– Қолды жанға жайып тепе-теңдікті ұстап тұру.<br>**ІІІ. Қимылды ойын: «Жолдан қаш!»**<br>Белгі бойынша тоқтау, жүгіру, бұрылу.<br>**V. Дербес қимыл белсенділігі**<br>– Балалар жүгіру, секіру жаттығуларын еркін орындайды;<br>– Ұлттық ойындарды өздері ұйымдастырады («Ақсерек-көксерек»).<br>**V. Қорытынды бөлім**<br>– Баяу жүру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тигізу;<br>– Қолды жанға жазып, кеудені кең ашу.<br>Арқа жаттығулары:<br>– Стретчинг: қолды алға созып арқа бұлшықетін созу;<br>– «Мысық–түйе» қозғалысы.<br>Аяқ жаттығулары:<br>– Отырып–тұру (10–12 рет);<br>– Өкшемен және ұшпен жүру.<br>**II. Негізгі қимыл: Секіру**<br>– Бір орында тұрып алға 3–4 м секіру;<br>– Қос аяқпен заттардың арасымен секіру (арасы 4 м);<br>– Құрсаудан құрсауға секіру (40 см);<br>– Биіктікке секіру (орнынан серпілу).<br>**III. Қимылды ойын: «Қапшықты жеткіз»**<br>Балалар тізе арасына қапшық қысып, белгіге дейін секіріп барады және қайтады. | | | | – Тыныс алу;<br>– Денені босату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **IV. Дербес қимыл белсенділігі**<br>– Секіртпемен секіру;<br>– Кедергілер арасымен жүру;<br>– Арқаннан секіру;<br>– Балалар өздері шағын жарыс ойлап табады.<br>**V. Қорытынды бөлім**<br>– Тыныс алу жаттығулары («гүл – шам»);<br>– Баяу жүру; | | | | |
| **2 таңғы ас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы арқылы еңбекке баулу. Жемістер мен сүт өнімдерінің пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Үстел басында өзін-өзі ұстау этикетін (арқаны түзу ұстау, ас құралдарын дұрыс қолдану) бекіту.<br>Қол жуу кезінде кезек күту, суды шашыратпау және жеке сүлгіні ұқыпты қолдануды автоматты деңгейге жеткізу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**<br>Балалармен бірге қыс мезгілін бақылау. Ауа райының суық екенін, жердің қармен | **Бақылау:**<br>Қардың қасиеттерін бақылау. Қардың суық, жұмсақ екенін, қолға тигенде | | **Бақылау:**<br>Аязды ауа райын бақылау. Суықта тыныс алғанда ауыздан бу | **Бақылау:**<br>Ағаштарды бақылау. Қыста ағаштардың жапырақсыз болатынын, олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жабылғанын, қардың ақ, суық екенін байқау. Қыс мезгілінде адамдардың қалың киінетінін, табиғаттың тыныштық күйде болатынын түсіндіру. Балалардың ой-пікірін тыңдау.<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңындағы қарды тазалау. Балаларды күректі дұрыс ұстауға, бір-біріне кедергі келтірмей жұмыс жасауға үйрету. Еңбекке ұқыптылық пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Қардан аттап өт»* – балалар қар үйінділерінен кезекпен секіріп өтеді.<br>Мақсаты: қимыл үйлесімділігін, тепе-теңдікті дамыту.<br>**Дербес әрекет:**<br>Балалардың қармен | еритінін көрсету. Қардың судан пайда болатыны туралы қарапайым түсінік беру.<br>**Еңбек:**<br>Қарды белгілі бір жерге жинап, жолды ашу. Бірлесе еңбек ету дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Қысқы жолмен жүр»* – белгіленген сызық бойымен жүру.<br>Мақсаты: зейін мен қозғалысты дәл орындау.<br>**Дербес әрекет:**<br>Қардан шағын пішіндер жасау. | | шығатынын көрсету. Суықтың адамға әсері туралы әңгімелеу.<br>**Еңбек:**<br>Алаңдағы орындықтарды, жолдарды қардан тазалау.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Кім тез жылынады?»* – жүгіру, секіру арқылы қозғалу.<br>Мақсаты: ағзаны шынықтыру.<br>**Дербес әрекет:**<br>Қар үстінде із қалдыру, салыстыру. | демалатынын түсіндіру.<br>**Еңбек:**<br>Ағаш түбіндегі қарды абайлап тазалау, бұтақтарды сындырмауға үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Аяз бен балалар»*.<br>Мақсаты: шапшаңдық пен ептілік.<br>**Дербес әрекет:**<br>Қар бетіне таяқшамен сурет салу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еркін ойнауы: қарды домалату, үю, ұсақтау. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | **«Еркелеу»** (Төсектегі жаттығу)Баяу әуенмен ояну. Қолды жоғары созып, «Күнге жетеміз», «Жұлдызша» (қол-аяқты жан-жаққа жаю) жаттығуларын жасау. | **«Аққала жолы»** (Массаж)Төсек қасына қойылған мақталы немесе түймелі кілемшелермен жүру. Аяқтың ұшымен және өкшемен кезектесіп басу. | | **«Қысқы дем»** (Тыныс алу)Мұрынмен терең дем алып, «П-ф-ф» дыбысымен (ерінді түтікше жасап) демді ұзақ шығару. Кеуде тұсын саусақ ұшымен жеңіл тықылдату. | **«Шымыр бала»** (Шынықтыру)Шынтаққа дейін салқын сумен жуыну. Бетті сулы қолмен сипап, құрғақ сүлгімен білектерді жеңіл ысқылау (қан айналымын жақсарту). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Математика негіздері**<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.<br><br>тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету.<br>**«Кішкентай ізденушілер»**<br>вариативтік сағат<br>**Тақырыбы:** Әдемі қарлар<br>**Мақсаты:** Қардың қасиеті туралы түсініктерін жетілдіру<br><br>Зерттеу жұмысы: «Қардың құпиялары»<br>Балалар «кішкентай ғалымдар» ретінде қарға бірнеше тәжірибе жасайды:<br>*1-тәжірибе: «Түсі* | **Қазақ тілі**<br>«Футбол» ойыны. Ауызды жауып, тілдің ұшымен кезек кезек біресе оңға біресе сол жақ бетке тигізу.<br>Тілдікжәнеартикуляциялықаппаратты,тынысалудыжәне анық дикциян响дамыту. | | **Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру**<br>Жануарлардың суреттерін салу. Жаңа түстерді (күлгін) бояудыараластыруарқылышығаруды үйрету(гуашпенсурет салукезінде). | **Қазақ тілі**<br>қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардантұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Дыбыстарға сөз құрау ойынын ойнату.<br>**«Жас экологтар»**<br>вариативтік сағат<br>**Тақырыбы:** Біздің өлкеміздің жануарлары<br>**Мақсаты:** Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар түрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br><br>«Жануарды тап» ойыны: сурет немесе сипаттама арқылы жануарды табу.<br><br>«Жануар қалай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *мен иісі»*<br><br>Барысы: Балалар қарды ақ қағазбен салыстырады және иіскеп көреді.<br><br>Қорытынды: Қар — ақ түсті, бірақ иісі жоқ.<br><br>*2-тәжірибе «Жылудың әсері»*<br><br>Барысы: Әр бала алақанына кішкене қар салып ұстап тұрады.<br><br>Қорытынды: Қар — суық, бірақ қолдың жылуынан тез еріп, суға айналады.<br><br>*3-тәжірибе: «Қар таза ма?»*<br><br>Барысы: Еріген қардың суын ақ матадан немесе | | | | дыбыстайды?» ойыны: балалар жануарлардың дыбысын салады.<br><br>Балаларға жануарлардың суреттерін таратып, оларды топтастыру (жыртқыштар, шөпқоректілер).<br><br>«Жануарға қамқорлық» тақырыбында шағын әңгіме құрастыру.<br><br>«Жануарларды неге қорғауымыз керек?» деген сұраққа балалардың ойларын тыңдау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | немесе сүзгіден өткізу.<br><br>Қорытынды: Судың бетінде ұсақ шаң-тозаңдар қалады. Демек, қар көрінгендей аппақ таза емес, **оны жеуге** болмайды. | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Алуа, Азалия, Айдар, Айназ, Аян, Сезім, Идрис, Т. Омармен өлеңдерді интонациямен оқуға талпындыру | Айназ, Аян, Идрис, Т. Омармен бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады | | Айдар, Айназ, Кәусар, Аян, Н Омармен қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды, қайшы мен желімді дұрыс колданады: | Айназ, Аян, Идрис, Т. Омармен мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айта алуға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **«Қар лақтыру»**<br>**Міндеті:** қол бұлшықеттерін дамыту, дәлдікке баулу. | **«Қар қамалы»**<br>**Міндеті:** ұжымдық жұмысқа үйрету, төзімділікті дамыту.<br>**Шарты:** Балалар екі | | **«Жел соқты»**<br>**Міндеті:** ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>**Шарты:** Тәрбиеші «жел соқты» дегенде балалар | **«Қардағы іздер»**<br>**Міндеті:** бақылағыштық пен бағдарлау дағдысын дамыту.<br>**Шарты:** Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Балалар қарды домалақтап, белгіленген шеңбердің ішіне немесе қашықтағы нысанаға лақтырады. | топқа бөлініп, қардан қамал тұрғызады. Қай топ жоғары әрі берік қамал тұрғызса, сол жеңеді. | | тараптарға қарай қашады; «жел басылды» десе, бастапқы орындарына тұрады. | қарға түсірілген іздерді (жануар, адамның ізі) тауып, сол бойынша жүреді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау ( **мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру ( **сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **«Саяхатшылар: Солтүстік полюс»:** Мұзды өлкеге саяхат жасау сюжетін құру. әлеуметтік | **Еркін шығармашылық:** Қағаздан қар ұшқындарын қию (қайшымен жұмыс). шығармашылық | | **Дидактикалық ойын:** «Оң жақ, сол жақ» (бағытты бағдарлау).таным | **«Орамал тастамақ»ұлттық ойын** Зейінді шоғырландыруға арналған ойын. физикалық |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **"Қардың сыры"**: Қар неге еріп кетеді? Жылы алақандағы қарды бақылау. Өнегелі 15 минут | **"Аяз атаның өрнектері"**: Терезедегі қырау туралы әңгімелеу. Табиғат әсемдігі. Өнегелі 15 минут | **"Қысқы құстар"**: Суыққа төзімді құстарды атау. Оларға тамақ беруді еске салу. Өнегелі 15 минут | **"Мұз үстіндегі сақтық"**: Тайғақ жерде жүгірмеу, абай болу туралы ескерту. Өнегелі 15 минут | **"Жақсы демалыс"**: Демалыста таза ауада серуендеудің пайдасы туралы кеңес. Өнегелі 15 минут |

09.01.2026 ж
Бекітемін

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қаңтар айы 2026 жыл 2 апта**

Топ: «Балдырған» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Тәрбиешілер: Тугелбай А.Қ.Жумабаева Ж.Б.

**Қаңтар – заң және тәртіп айы**

Апта дәйек сөзі: «Ереже – баршаға ортақ.»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br><br>12.01.2026 ж | Сейсенбі<br><br>13.01.2026 ж | Сәрсенбі<br><br>14.01.2026 ж | Бейсенбі<br><br>15.01.2026ж | Жұма<br><br>16.01.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Шаттық шеңбері:* «Аспанға қарап ай көрдім...» (бірлескен қимылдар). *Әңгімелесу:* «Ереже не үшін керек?». Егер ереже болмаса, не болатынын талқылау. **Коммуникативтік, Әлеуметтік** | *Үстел үсті ойыны:* «Шахмат немесе Домино» (ережені қатаң сақтауды үйрену). *Еңбек:* Ойыншықтарды орнына қою ережесін бекіту. **Таным, Әлеуметтік** | *Тәжірибелік сабақ:* Дастархан басындағы ережелер (ас қайыру, пышақ-шанышқыны дұрыс ұстау). *Саусақ ойыны:* «Біздің топта бәріміз...». **Әлеуметтік, Таным** | *Дидактикалық ойын:* «Қайда ойнауға болады?». *Бақылау:* Ауладағы тайғақ жерлерден сақтану ережесін қайталау.<br><br>**Физикалық, Таным** | *Шығармашылық:* «Менің сүйікті ережем» (балалар ереже сақталған сәтті суреттеп салады). *Қорытынды:* Апта дәйексөзін бекіту.<br><br>**Шығармашылық, Әлеуметтік** |
| | **«Күй күмбірі»** Шалқыма https://zvyki.com/song/48788144/Asylbek_Ensepov_-_SHal_yma/<br>**Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың** | «Ереже – баршаға | «Үй ережелерін | «Жолда жүру — | Ата-аналарға | «Ереже дегеніміз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | ортақ» Ереженің тек балаларға ғана емес, үлкендерге де ортақ екенін сезіндіру. Тәртіп сақталған жерде әділдік болатынын айту. | бірге жасайық» Отбасылық ережелерді қалыптастыру (мысалы: тамақ алдында қол жуу, ұйықтар алдында бөлмені жинау). Бала бұл ережелердің маңызын түсініп орындауына жағдай жасау. | ортақ ереже» Баланы көшеде жүру мәдениетіне баулу. Бағдаршам түстері мен жаяу жүргіншілер жолағының маңызы. Ата-ананың өз ісімен (ережені бұзбауымен) үлгі болуы. | арналған практикалық ұсыныстар: **Талапты дұрыс қоя білу:** Балаға қойылатын ережелер қысқа әрі түсінікті болуы керек. «Тәртіпті бол» дегеннен көрі «Ойыншықтарыңды өз орнына қой» деген нақты тапсырма балаға жеңілірек. **Салдар мен жауапкершілікті ұғындыру** (мысалы: «Егер тісіңді жумасаң, тіс дәрігеріне баруға тура келеді»). **Мадақтауды ұмытпаңыз:** Бала ережені өздігінен сақтаған кезде (мақтаңыз. | не?»**Әңгімелесу:** Балаға ережелердің бізді қауіптен қорғайтынын түсіндіру. Ойын ережесінен бастап, үлкен өмірдегі заңдарға дейінгі байланысты қарапайым тілмен жеткізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру,<br><br>Топта тазалық сақтауға,ойыншықтардысүртуге,табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпенат қаруға баулу<br><br>Балармен жеке жұмыстар.<br><br>**(Танымдық, қарым қатынас іс-әрекеттер)** | Халық шығармаларының желісі бойынша түрлі-тәсілдерден (ермексаздан,қамырдан)тұрмыстық заттарды мүсіндеу. Жасаған мүсіндерден ерекшелігін айтқызу және ұлттық бұрышта көрме жасау.<br><br>Балалар ұлттық бұрыштағы орналасқан ұлттық бұйымдарды ермексаздан үлгіге қарап отырып мүсіндейді. Ермексаз бен тұзды қамырмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады. **Бір тұтас тәрбие** | «Қағаздан моншақ құрастыру»<br><br>түрлі-түсті біркелкі дөңгелектер жасап, жіпке тізіп моншақ құрастыру. Желіммен, қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.<br><br>балалар қағаз сақиналарды пайдаланып, түстер үйлесімділігін сақтай отырып, ерекше моншақтар жасайды. Балалардан моншаққа атау беру немесе оны бір оқиғаға арнау сұралады | «Ұлттық киімдер»<br><br>Суреттерге қарап ұлттық киімдердің атауларын және түстерін атауға үйрету. Суреттерді салыстырып, топтастыруға баулу.<br><br>Ұлттық киімдерді сәйкестендіру:<br><br>Ұлттық киімдердің бөліктерін ажыратып, дұрыс жинастыру ойынын ұйымдастыру:<br><br>Балаларға киімдердің жеке бөліктері беріледі (мысалы, шапан, тақия, камзол, белдік).<br><br>Олар дұрыс | Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен жұмыстар жасау.<br><br>Табиғи құрастыру материалдарымен ойындар.<br><br>Балармен жеке жұмыстар.<br><br>**(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | (мысалы, "Күн шуақты моншақ", "Достық гүлдері"). **Бір тұтас тәрбие** | сәйкестендіріп, толық киім үлгісін жасайды. **Бір тұтас тәрбие** | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау<br>1. Б.қ. екі қолды иыққа қою, 1-3 – қолды иықта айналдыру, 4 – қолды түсіру. 5-6 рет қайталау.<br>2. Б.қ. отыру, екі аяқты алшақ қою, екі қол желкеде, 1- сол қолды еденге тигізіп оңға бұрылу – дем шығару, 2- б.қ. – дем алу. Сол сияқты солға бұрылу, 5-6 рет қайталау<br>3. Б.қ. екі қолды белге қойып тізерлеп отыру. 1- сол аяқты жанына созу, 2- б.қ. , 3-4 – осы сияқты оң аяқпен жасау. Сол сияқты аяқты созып, екі қалпын өзгерту; қолды екі жаққа, алға, жоғары көтеру.<br>4. Б.қ. арқамен жатып. 1-2 екі аяқты жоғары түзу көтеру, бастан асыра аяқтың ұшын еденге тигізу, 3-4 б.қ. 5-6 рет қайталау.<br>5. Б.қ. артынан теріп отыру. 1 – 2 тізені бүгіп, жамбасты сәл көтеру, аяқтың өкшесіне жамбасты тигізу – дем шығару; 3 – 4 б.қ.– дем алу 6 – 8 рет қайталау.<br>6. Б.қ: 1 оң қолды желкеге қою; 2 – сол қолды желкеге қою; 3 – оң қолды көтеру; 4 – сол қолды көтеру; 5 – 8 – керсінше жасау. Жаттығуды әртүрлі жылдамдықпен жасау керек. 5 – 6 рет қайталау.<br>7. Б.қ: Тізені жоғары көтеріп бір аяқтан екінші аяққа секіру. 4 – 5 рет қайталау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | **«Тақия тастамақ»** (Ұлттық | **«Жұмбақ шешу»** Табиғат | **«Оюды құрастыр»** (Дид. | **«Сиқырлы сандар»** | **«Көршіңді мақта»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | ойын)Зейінділікті және жылдамдықты арттыру. | құбылыстары туралы жұмбақтар шешу. | ойын)Бөліктерден «қошқармүйіз» оюын жинау. | (Математика)Ертегі кейіпкерлерін (3 аю, 7 лақ) санау. | (Психологиялық) Жылы лебіздер арқылы достықты нығайту. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** Қысқа және ұзын сызықтар<br><br>**Міндеті:** Қысқа және ұзын сызықтарды ажырата сызуға үйрету. Қолдың икемділігін арттыру.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** Көрсету, жаттығу.<br><br>**Тапсырмалары:** Үлгі бойынша қысқа сызықтар сызу. Үлгі бойынша ұзын сызықтар сызу. Сызықтардың ұзындығын салыстыру. Өз | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** Бір затқа қатысты орнын айтамыз<br><br>**Міндеті:** Заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын анықтауға үйрету.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** Әңгімелеу, ойын, көрнекілік.<br><br>**Тапсырмалары:** Ойыншықтың басқа затқа қатысты орнын айту. «Доп үстелде тұр» сияқты сөйлемдер құрау. Заттардың орнын өзгертіп, | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** Бағытты өзгертеміз<br><br>**Міндеті:** Берілген бағытта қозғалу және белгі бойынша бағытты өзгерту дағдысын қалыптастыру.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** Қимылды ойын, көрсету.<br><br>**Тапсырмалары:** Белгі бойынша жүру. Белгі өзгергенде бағытты ауыстыру. Қай бағытта қозғалғанын айту. | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** Сөйлемдегі сөз санын анықтаймыз<br><br>**Міндеті:** Сөйлемдегі сөздердің санын анықтауға үйрету. Ауызша талдау дағдысын бекіту.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** Ойын, қайталау, сұрақ-жауап.<br><br>**Тапсырмалары:** Сөйлемді тыңдау. Әр сөзді бөлек айту. Сөз санын санау. Сөйлемді қайтадан толық айту. | **Сауат ашу**<br><br>**Тақырыбы:** Берілген сөзбен сөйлем құраймыз<br><br>**Міндеті:** Берілген сөзді пайдаланып жай сөйлем құрастыруға үйрету.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** Сұрақ-жауап, жаттығу, мадақтау.<br><br>**Тапсырмалары:** Берілген сөзді тыңдау. Сол сөзбен сөйлем құрау. Сөйлемді толық және анық айту. Басқа балалардың сөйлемін тыңдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бетінше сызықтарды жалғастыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>«Жануарлар әлемі – біздің достарымыз»<br><br>**Тілдік дамытушы орта:** Жануарлар суреттері мен ойыншықтары арқылы әңгіме жүргізу.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** «Жануар» сөзіндегі дыбыстарды анықтау<br>ж – басы, у – ортасы, р – соңы<br>Артикуляциялық жаттығу: «Аңдар қалай дыбыстайды?»<br><br>**Сөздік қор:** | қайта айту.<br><br>**Музыка**<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>«Жануарлар және олардың отбасы»<br><br>**Тілдік дамытушы орта:** Жануарлар мен төлдері бейнеленген суреттермен жұмыс.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** «Төл» сөзіндегі дыбыстарды анықтау<br>т – басы, ө – ортасы, л – соңы<br>Артикуляциялық жаттығу: «Мөңіреу».<br><br>**Сөздік қор:** ана, әке, төл, | Қимылды сөзбен сипаттау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** Кейіпкерді бейнелейміз<br><br>**Міндеті:** Кейіпкердің көңіл күйін, мінезін қимыл, мимика, интонация арқылы жеткізу.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** Сахналау, ойын, көрсету.<br><br>**Тапсырмалары:** Көңіл күй смайликтері арқылы көріністі анықтау. Өз рөлін таңдау. Кейіпкердің көңіл күйін көрсету. Қимыл мен бет | **Музыка**<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** «Үйшік» ертегісі<br><br>**Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп ойнауға үйрету. Кейіпкердің көңіл күйін, мінезін қимыл, мимика, интонация арқылы жеткізу.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** Сахналау, ойын, көрсету.<br><br>**Тапсырмалары:** Кейіпкерлермен танысу. Өз рөлін таңдау. Кейіпкердің көңіл күйін көрсету. Қимыл мен бет әлпетін пайдаланып рөлді | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** Кеңістікті сөзбен сипаттаймыз<br><br>**Міндеті:** Кеңістік ұғымдарын сөйлеуде дұрыс қолдануға үйрету.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** Сұрақ-жауап, әңгімелеу.<br><br>**Тапсырмалары:** Заттың қай жақта тұрғанын айту. Бірнеше кеңістік сөзін пайдаланып сөйлем құрау. Басқа баланың жауабын тыңдау.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** Ұқсас сөздерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануар, аң, төл, ін, жайлау<br><br>**Грамматикалық құрылым:**<br>Септік жалғауларды қолдану<br>аң орманда, төл қасында<br><br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Жануар туралы 3–4 сөйлеммен әңгімелеу.<br><br>**Ойын:** «Кім қайда тұрады?»<br>Жануарларды өз мекеніне орналастыру<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** Сөздің ортасындағы дыбысты табамыз<br><br>**Міндеті:**<br>Сөздің ортасындағы дыбысты анықтауға | отбасы<br><br>**Грамматикалық құрылым:**<br>Тәуелдік жалғауын қолдану оның төлі, менің жануарым<br><br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Жануар мен төлі туралы әңгіме құрастыру.<br><br>**Ойын:** «Төлін тап»<br>Жануарды өз төлімен сәйкестендіру.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>**Тақырыбы:** Жаяу жүргіншілер жолы | әлпетін пайдаланып рөлді орындау.<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**Жапсыру**<br><br>**Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br><br>Балалар бояуларды араластыру арқылы түрлі реңктер алып, түрлі-түсті фонда «құсқанаты» ою элементін пайдаланып сурет салады.<br>Ермексаздан қазан немесе ожау мүсіндеп, бөліктерін біріктіріп тегістейді. Дайын үлгілер бойынша әлеуметтік оқиғаны | орындау.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Көлік аялдамалары<br><br>**Міндеті:**<br>Қоғамдық көлік аялдамаларымен таныстыру. Аялдамада өзін дұрыс ұстау ережелерін үйрету.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік.<br><br>**Тапсырмалары:**<br>Автобус, трамвай, троллейбус, метро аялдамаларын атау. Аялдамада қалай тұру керектігін айту. Қауіпсіз мінез-құлықты сипаттау. | қолданамыз<br><br>**Міндеті:**<br>Түбірлес сөздерді ажырата білуге үйрету. Сөз мағынасын түсіну. Сөйлемде дұрыс қолдану.<br><br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, ойын, жаттығу.<br><br>**Тапсырмалары:**<br>Берілген сөздерден ұқсас бөлігін табу. Бір түбірден бірнеше сөз айту. Сол сөздермен сөйлем құрау. Қате айтылған сөзді түзету.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>**ЖДЖ**<br><br>– Қол сермеу;<br>– Денені оң–солға бұру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Көктем белгілерін байқау**<br><br>**Бақылау:**<br>Балаларды серуен алаңына шығарып, айналадағы маусымдық өзгерістерге назар аударту. Күннің қыс мезгіліне қарағанда жылырақ екенін сезіндіру. Қардың азайғанын, кей жерлерде еріген су | **Қардың еруі**<br><br>**Бақылау:**<br>Қар қалдықтарын бақылау. Қарды қолға алып, жылудың әсерінен еріп жатқанын көрсету. Қардың судың бір түрі екенін түсіндіру. «Қар неге суға айналады?» деген сұраққа балалардың ойлануына мүмкіндік беру.<br><br>**Дербес әрекет:** | **Жел**<br><br>**Бақылау:**<br>Желдің бар екенін сезіну. Лента немесе жалауша арқылы жел бағытын анықтау. Ағаш бұтақтарының тербелісін бақылау. Желдің суық не жылы екенін анықтау.<br><br>**Дербес әрекет:**<br>Желдің баяу және қатты соғуын қимылмен көрсету. Жел туралы қысқа сөйлемдер айту.<br><br>**Еңбек:** | **Бұлттар**<br><br>**Бақылау:**<br>Аспандағы бұлттарды бақылау. Олардың қозғалысын, пішінін сипаттау. Бұлттардың күнді жауып тұратынын түсіндіру.<br><br>**Дербес әрекет:** | **Ағаш бүршіктері**<br><br>**Бақылау:**<br>Балаларды ағаш жанына апарып, бұтақтардағы бүршіктерді көрсетеді. Бүршіктің кішкентай, тығыз, қоңыр немесе жасыл түсті болатынын түсіндіреді. Қыс бойы ағаш «ұйықтап» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жиналғанын көрсету.<br>Ағаштардың әлі жапырақсыз тұрғанын, бірақ табиғатта өзгеріс басталғанын түсіндіру.<br>Сұрақтар қою: «Қыс мезгілі мен көктемнің айырмашылығы қандай?», «Неге қар еріп жатыр?», «Күннің пайдасы қандай?»<br>Балалардың жауаптарын толық сөйлеммен айтуына бағыт беру.<br><br>**Дербес әрекет:**<br>Балалар көктем көріністерін қимыл арқылы бейнелейді (күннің шығуы, желдің | Қарды шағын ыдысқа салып, біраз уақыттан кейін оның суға айналғанын бақылау. Қар көлемі мен су көлемін салыстыру.<br><br>**Еңбек:**<br>Еріген судың жиналып қалмауы үшін шағын арықша жасауға көмектесу.<br><br>**Қимылды ойын:** «Тамшылар»<br>Балалар тамшы болып қозғалады. «Жаңбыр!» – ұсақ секіреді. «Күн шықты!» – шеңберге жиналады | Жел ұшырған жапырақтарды немесе қағаздарды жинау.<br><br>**Қимылды ойын:** «Жел мен ағаштар»<br>«Жел баяу» – жай тербеледі.<br>«Жел қатты» – тез қозғалады.<br>«Дауыл» – отырып қалады. | Балалар бұлтты қандай затқа ұқсататынын айтады. 2–3 сөйлем құрастырады.<br><br>**Еңбек:**<br>Орындықтарды түзеу, аланды ретке келтіру.<br><br>**Қимылды ойын:** «Бұлт пен күн»<br>«Күн» – еркін қозғалады.<br>«Бұлт» – белгіленген орынға жиналады | тұрғанын, ал көктемде күннің жылуымен «оянатынын» әңгімелейді.<br>Сұрақтар: «Бүршік неге пайда болды?», «Күн жылынса не болады?», «Ағашқа су не үшін керек?»<br><br>**Дербес әрекет:**<br>Балалар «ағаштың өсуін» қимылмен көрсетеді: алдымен отырып, кейін баяу тұрып, қолдарын жоғары созады. Бүршіктің ашылуын саусақтарын жайып бейнелейді. 2–3 сөйлеммен «Ағаш көктемде...» деп әңгіме құрайды.<br><br>**Еңбек:**<br>Түскен ұсақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | соғуы, қардың еруі). «Көктем келді» тақырыбында 2–3 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құрастырады.<br><br>**Еңбек:**<br>Алаңдағы ұсақ қоқыстарды қолғап киіп жинау. Қоқысты арнайы жәшікке салу. Тазалық сақтау туралы әңгімелеу.<br><br>**Қимылды ойын:** «Күн мен бұлт»<br>Белгі бойынша тез әрекет ету дағдысын дамыту. «Күн!» дегенде жүгіреді, «Бұлт!» дегенде отырып, басын жабады. | | | | бұтақтарды жинап, арнайы жерге қою. Ағаш бұтақтарын сындырмау керектігін түсіндіру.<br><br>**Қимылды ойын – «Ағаштар желде»**<br>Ойын шарты:<br>Балалар – «ағаштар».<br>Тәрбиеші – «жел».<br>Ереже:<br><br>«Жел баяу соқты» – балалар жай тербеледі.<br>«Жел қатты соқты» – қолдарын жоғары көтеріп, қаттырақ қозғалады.<br>«Дауыл!» – балалар тез отырып қалады.<br>Мақсаты: тыңдау, белгіге жылдам әрекет ету. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту (5-7 минут):**<br>• Жағымды, баяу классикалық музыка немесе табиғат дыбыстары қосылады.<br>• Балалар төсекте жатып керіледі, саусақтарын қимылдатады.<br>**Төсектегі гимнастика:**<br>• *«Мысықша керілу»*: Төрттағандап тұрып, арқаны иіп-жазу.<br>• *«Велосипед»*: Жатып аяқпен шеңбер жасау.<br>**Белсенді қозғалыс:**<br>• Төсектен тұрып, бөлме температурасында (желдетілген бөлмеде) жүру.<br>• **«Денсаулық жолымен»** жүру (массаждық кілемшелер). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **«Кішкентай ізденушілер»** вариативтік сағат<br>**Тақырыбы:** Магнитпен эксперимент<br>**Мақсаты:** Магниттің қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру<br><br>Мотивациялық кезең: «Ғажайып қобдиша» Тәрбиеші балаларға ішінде түрлі заттар (пластмасса ойыншық, ағаш текше, темір қасық, қағаз, магнит) бар қобдишаны көрсетеді.<br><br>Сұрақ: «Балалар, мына заттардың | Ізгі сөздер мен мақалдарды балалармен жеке жұмыс жасау арқылы жаттату.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу.<br>**(Шығармашылық іс-әрекет)** | Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша әңгіме айтуын жетілдіру.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Көктем мезгілі туралы қалауы бойынша сурет салғызу, мүсін жасату немесе қағаздан қиып жапсыруына ерік беру.<br>**(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Өз өзіне көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру.<br>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.<br>**(бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>«Гүлдер таласы» ертегісін үстел үсті театры арқылы балалардың бір біріне айтып беруін ұйымдастыру.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Жас экологтар»** вариативтік сағат<br>**Тақырыбы:** Көктемгі саяхат<br>**Мақсаты:** Балаларға айналадағы көктемгі табиғатта өзгерістер, ерекшеліктерін бақылау дағдыларын дамыту<br><br>Шаттық шеңбері: «Көктем жылуы» (сары доппен)<br>«Көктем белгілері» (Дидактикалық тапсырмалар)<br>1-аялдама: «Аспан әлемі»<br>Бақылау: Көктемде күннің орналасуы мен бұлттардың түсі туралы әңгімелесу.<br>Сұрақ: «Көктемде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ішінде ең ерекшесі қайсысы деп ойлайсыңдар?»<br><br>Магнитті алып, оның «сиқырын» көрсету (темір заттарды өзіне тарту).<br><br>Зерттеу жұмысы: Тәжірибелер алаңы<br>№1 Тәжірибе: «Нені тартады?»<br>Іс-әрекет: Балалар магнитті әр затқа жақындатып, қайсысы жабысатынын тексереді.<br>Қорытынды: Магнит тек темірден жасалған заттарды ғана тартады.<br>№2 Тәжірибе: «Көрінбейтін күш» (Кедергілер арқылы тарту)<br>Магнитті қағаз парағының немесе | | | | күн неге ерте шығады? Жылуы қандай?»<br>2-аялдама: «Тірі табиғат оянуда»<br>Тәжірибелік жұмыс: Ағаш бұтағындағы бүршіктерді лупамен (үлкейтіп көрсеткіш әйнек) қарау.<br>Дидактикалық ойын: «Қай құс қайтып келді?» (Қараторғай, тырна, қарлығаш суреттерін таңдау).<br>3-аялдама: «Экологиялық соқпақ»<br>Ойын: «Болады – болмайды» (Табиғаттағы мінез-құлық ережелері).<br>Гүлдерді жұлуға бола ма? (Жоқ)<br>Құстарға ұя жасауға бола ма? (Иә)<br>Ағаш бұтағын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұқа пластик тақтайшаның астына қойып, үстіндегі темір қыстырғышты (скрепка) қозғалту. Қорытынды: Магниттің күші кедергілерден өте алады. №3 Тәжірибе: «Судағы балықтар» Қорытынды: Магнит су ішінде де өз қасиетін жоғалтпайды **қорытынды** Магнит қандай заттарды жақсы көреді? (Темірді) Магнит судың ішінде жұмыс істей ме? (Иә) Күнделікті өмірде магнитті қай жерден көруге болады? (Тоңазытқышта, сөмкелердің құлпында**,** ойыншықтарда) | | | | сындыруға бола ма? (Жоқ)<br><br>«Көктемнің белгілері» тақырыбында композиция жасату. **(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексаздан бәйшешек мүсінін жасату, суретін салғызу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өз бетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойдан құрастыруға баулу **(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Терезеге қарап, көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы жеке әңгімелер жүргізу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сезим, Сезім, Ш Омармен шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен | Азалия, Алуа, Кәусармен ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізе | Шерхан, Идрис, Т Омармен қайшы мен желімді дұрыс қолдана алуды баулу | Шерхан, Идрис, Т Омармен әртүрлі пішіндегі заттарды қиюды талпындыру | Алуа, Азалия, Дилназбен сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеуге талпындыру | алуға көмектесу | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Қар ериді»<br>**Шарты:** Балалар «қар» болып тұрады. «Күн шықты!» дегенде жайлап қозғалып, алаңға тарайды (еріген қардай). | «Көктемгі жел»<br>**Шарты:** Балалар жеңіл жүгіріп жүреді. «Жел күшейді!» дегенде бағыттарын тез өзгертеді. | «Тамшылар жарысы»<br>**Шарты:** Екі топқа бөлініп, белгіге дейін жүгіріп барып, кері қайтады (жаңбыр тамшысындай). | «Мұз сынды»<br>**Шарты:** Балалар шеңберде тұрады. Белгі бойынша «мұз» шашырап жүгіреді. | «Жылғалардан өт»<br>**Шарты:** Жерге сызықтар сызылады. Балалар сызықты баспай, секіріп өтеді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **( сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап** | **Сюжетті-рөлдік ойын:**<br>«Қонақжайлылық»<br>Балалар «қонақ күту» рәсімін ойнайды. Ұлттық қонақжайлылық дәстүрін | **Үстел үсті ойындары:** «Қазақстан қалалары» (Пазл)Еліміздің көрікті жерлері бейнеленген пазлдар мен суреттерді құрастыру. Зейіні мен логикасын дамыту.<br>Үстел үсті-баспа | **Бейнелеу іс-әрекеті:** «Наурыз – көктем мерекесі»Бояулар немесе қарындаштармен Наурыз мейрамына арналған сурет салу (қызғалдақтар, киіз үй, күн).<br>**Ермексазбен мүсіндеу:** «Құрт жасау» немесе «Домбыраның | **Кітап бұрышы:**<br>«Менің Отаным – Қазақстан»<br>Суретті энциклопедияларды, батырлар туралы | **Қимылдық ұлттық ойын:** «Ақ серек, көк серек»<br>Балалардың ептілігі мен достық қарым-қатынасын нығайтуға арналған ұжымдық ойын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қарау және басқалары)** | (сәлемдесу, төрге шығару) бейнелейді. | ойындары (Танымдық даму)<br><br>**«Ою-өрнекті жалғастыр»:** Оюдың жарты бөлігін тауып қою.<br><br>**«Лото – Менің Қазақстаным»:** Табиғат, жануарлар мен өсімдіктер әлемін тануға арналған суретті карточкалар. | бейнесі».<br><br>**Құрастыру:** Легодан немесе текшелерден «Болашақтың қаласын» немесе «Бәйтерек» монументін тұрғызу. | кітаптарды қарау. Тәрбиешінің шағын әңгімелер оқып беруі. | **Әңгімелесу:** «Сенің туған қалаң (ауылың) қалай аталады?», «Біздің елде қандай таулар бар?» деген сұрақтар төңірегінде еркін сұхбат. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. | Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. | Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. | Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). | Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** |

06. 03. 2026 ж.
Бекітемін
Нұ[illegible]

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
**Наурыз айы 2026 жыл 2 апта**

Топ: «Балдырған» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Тәрбиеші: Тугелбай А.Қ.

**Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы.**
Апта дәйексөзі : «Отан – бізге ортақ үй!»»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 09.03.2026 ж | Сейсенбі 10.03.2026 ж | Сәрсенбі 11.03.2026 ж | Бейсенбі 12.03.2026ж | Жұма 13.03.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | Ойын: «Жылы лебіз» (балалар бір-біріне көктемгі тілектер айтады). | Дидактикалық ойын: «Қазақстанның символдары». Балалар Тудың, Елтаңбаның суреттерін танып, түстерін атайды.Әңгімелесу: «Біздің Отанымыз қалай аталады?», «Біздің Президентіміз кім?». | «Кім батыр?» ойын-жаттығуы. Ертегі батырларының суреттерін қарап, олардың ерліктері туралы қысқаша әңгімелеу. | «Бірлігіміз жарасқан». Балалар бір-біріне аптаның қорытындысы ретінде жақсы тілектер айтып, шашу шашады. |
| | **Күй күмбірі «Көңіл толқыны»** https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-konil-tolkyny-s-turysbek/37751 **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | «Ұлттық тағамдардың бала денсаулығына пайдасы». | «Тәуелсіздік — ең басты құндылық» Жолда немесе теледидардан Туды, Елтаңбаны көргенде баланың назарын аударып, мақтанышпен | «Ұлттық тәрбие — болашақтың кепілі» Ұйықтар алдында балаға қазақша ертегі айтып беру немесе «Бесік жырын» тыңдату туралы кеңес беру. | «Отан — бізге ортақ үй» Баланы қоршаған ортаны қорғауға (ағаш егу, гүл суару) баулу — бұл да Отанға деген қамқорлық екенін түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | түсіндіруді ұсыну. | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | | Азық-түліктер-аллергендер. Қауіпсіз ас (Өзіңді жағымсыз реакциялардан қалай қорғауға болады?) балаларға кейбір тағамдардың денсаулыққа кері әсер етуі мүмкін екенін түсіндіру, **Қауіпсіздік ережелері** | «Ұлттық тағамдар» Міндеті: Қазақтың ұлттық тағамдарын таныстыру және атауларын үйрету. Сүт өнімдерімен таныстыру. Ойын барысы: Ермексаздан құртты дөңгелек пішінге келтіріп мүсіндету. Ермексазды уқалау тәсілін қолданып жұмсартып дөңгелету, ақ түсті ермексаз қолдануды үйрету **Бір тұтас тәрбие** | «Әжемнің бауырсағы» Міндеті: қазақтың ұлттық тағамы бауырсақ туралы балаларға түсінік беру. Бауырсақтың пішіні, дәмі, дайындау әдістері туралы әңгімелесу. Ойын барысы:Балалар ермексаздан немесе қамырдан бауырсақтың пішінін жасайды. Әр бала өз бауырсақтарын дөңгелек немесе өзге пішінге келтіреді **Бір тұтас тәрбие** | Біздің оркестр» Міндеті: Қазақ халқының ұлттық аспаптарының атауын қайталату. Олардың ерекшеліктері мен дыбыстарын ажырату. Аспапа ойнауға қызығушылықтарын арттыру. Ойын барысы: Музыкалық аспаптарды алып, шағын оркестр ұйымдастыру. **Бір тұтас тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау<br>1. Б.қ: 1 – иықтарды жоғары көтеру 2 – б.қ. Екі қол белде. 6 – 8 рет қайталау.<br>2. Б.қ: бір жақпппен жату, аяқты қолмен кеудеге көтеру, басты тізеге тигізу. 1 – 2 – екінші жаққа аунау; 3 – 4 – кері қозғалыс. Бірнеше рет қайталау 2 – 3 қайталау.<br>3. Б.қ: аяқты айқастырып отыру, екі қол белде. 1 – 2 – аяқтың қалпын өзгертпейорыннан тұру және қолмен таянбау; 3 – 4 – отыру – б.қ. 6 рет қайталау.<br>4. Б.қ: аяқты бүгіп отыру, қолды артқа таяну 1 – 4 – жамбасты көтеріп, қол мен аяқты ауыстыра алға – артқа қозғалу. Бірнеше қозғалыстан кейін – б.қ. Басты төмен түсірмеу. 3 – 4 рет қайталау.<br>5. Б.қ: екі аяқтың арасын алшақ қою, қол белде. 1 – оң аяқты бүгу; 2 – б.қ; 3 – 4 – осы сияқты басқа аяқпен. Төмендеу отыру, басты төмен түсірмеу. Жаттығуды орындай отыра, қолдардың қалпын өзгерту: қолдарды екі жаққа; қолдарды екі жаққа 5 – 6 рет қайталау.<br>6. Б.қ: екі аяқты алшақ қою, екі қол екі жақта. 1 – оңға бұрылу, сол қолды оң иыққа қою, оң қолды артқа қою; 2 – б.қ; 3 – 4 – сол сияқты басқа жаққа. 4 – 5 рет қайтталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 7. Секіру, жүгірумен ауыстырып отыру. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі.** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | «Жүректен жүрекке» тренингі. Балалар бір-біріне «Отаным аман болсын», «Елім бай болсын» деген жылы сөздер айтып, гүл ұсынады. | Домбыра үнін тыңдату (Күй). Балаларға дыбыстар арқылы кең байтақ даланы елестетуге мүмкіндік беру, зейінін сабаққа аудару. | «Сиқырлы сандықша» ойыны. Сандықтың ішінен Ту, Елтаңба, Карта суреттерін шығарып, балалардан олардың маңызын сұрау. | «Тәуелсіздік нышандары» пазлын құрастыру. Шағын топтарға бөлініп, елдің символдарын жинау арқылы ынтымақтастыққа баулу. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>Тік және көлбеу таяқшалардан өрнек<br>**Міндеті:**<br>Таяқшалар арқылы қарапайым өрнектер құрастыру.<br>Логикалық ойлау мен зейінді дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Үлгімен жұмыс, практикалық жұмыс.<br>**Тапсырмалары:**<br>– Берілген үлгі бойынша өрнек салу | **Математика негіздері**<br>**тақырыбы:** қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>«Шебердің шеберханасы»<br>**Әңгімелесу:**<br>«Балалар, біздің ата-бабаларымыз киіз үйді, кілемдерді әдемі оюлармен безендірген. Сол оюларды сызу үшін бізге түзу емес, | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Ирек сызықтар<br>**Міндеті:**<br>Ирек сызықтарды дұрыс бағытта, арақашықтықты сақтай отырып салуға үйрету.<br>Қол қозғалысының дәлдігін арттыру, жазу кезінде төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Көрсету, практикалық жұмыс, жеке жұмыс, бақылау.<br>**Саусақ жаттығуы:** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>Толқынды сызықтар<br>**Міндеті:**<br>Балаларды толқынды сызықтарды үзбей, біркелкі салуға үйрету.<br>Қолдың икемділігін арттыру, саусақ қимылдарын үйлестіру.<br>Жазу кезінде көзбен қадағалау дағдысын бекіту, қаламды қатты қыспай, еркін ұстауға дағдыландыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | – Таяқшалардың орналасу ретін сақтау<br>– Өз бетінше қарапайым өрнек құрастыру<br><br>**Музыка**<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Көктем»<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ойын: «Көктемді сипатта»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты алып сұрақ қояды:<br>«Көктемде не өзгереді?»<br>Келесі бала толық жауап береді:<br>«Көктемде күн жылынады, қар ериді, құстар ұшып келеді.»<br>Сөйлемдерді әртүрлі интонациямен айтуға жаттығады (қуанышты, таңдана, баяу).Қосымша | қисық және қиғаш сызықтар керек».<br><br>**Ойын:** «Ауада сызу». Балалар саусақтарымен ауада толқынды (қисық) және жаңбырдың жауғаны сияқты (қиғаш) сызықтарды бейнелейді.<br><br>**Тор көзбен танысу:** Тәрбиеші тақтадағы үлкен тор көзде көрсетіп түсіндіреді: «Тор көздің жоғарғы сол жақ бұрышынан төменгі оң жақ бұрышына қарай сызық жүргізсек, ол **қиғаш сызық** болады».<br><br>**Графикалық тапсырмалар:**<br><br>**«Жаңбыр жауды»:** Тор көздің ішінде бір бұрыштан екінші бұрышқа қиғаш | «Жолдар» – саусақтарды үстел үстімен ирек бағытта жүргізу.<br>**Тапсырмалары:**<br>– Үлгі бойынша ирек сызықтарды салу<br>– Сызықтарды біркелкі орындау<br>– Өз бетінше ирек сызықтар жүргізу<br><br>**Музыка**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Алдар көсе мен бай» (ертегі)<br>**Міндеті:**<br>Ертегі жанрының ерекшеліктерін түсіндіру. Себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Ертегі оқу, сұрақ-жауап, көрнекілік, ойын.<br>**Тапсырмалары:**<br>Ертегіні тыңдау<br>«Не болды?» ойыны<br>Себеп-салдарды анықтау<br>«Неге бұлай болды?» ойыны | Түсіндіру, көрсету, үлгі бойынша орындау, жеке жұмыс, бақылау, мадақтау.<br>**Саусақ жаттығуы:** «Толқын» – саусақтарды бірінен кейін бірін қозғалту.<br><br>**Тапсырмалары:**<br>– Үлгі бойынша толқынды сызықтарды жүргізу<br>– Сызықтарды жоғарыдан төменге, солдан оңға қарай үзбей салу<br>– Өз бетінше толқынды сызықтар салу<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Қиғаш сызықтар<br>**Міндеті:**<br>Қиғаш сызықтардың бағытын ажыратуға және дұрыс сызуға үйрету.<br>Математикалық кеңістікте бағдарлау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойын: «Көктемді әсерлі айт»<br>«Көктем келді!» сөйлемін қуанышты, баяу, таңдана айту.**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ойын: «Дыбысты тыңда»<br>Ө, Ү, Ұ, Қ дыбыстары бар сөздер айтылады: көктем, өзен, көбелек, құс, қар, күннің нұры.<br>Балалар қай дыбысты естігенін айтады және сөзді анық қайталайды.<br>Сөйлем құрайды: «Көктемде өзен тасиды.»<br>«Құстар ұшып келді.»<br>Тыныс алу жаттығуы: сөйлемді бір тыныспен айту.<br>**Сөздік қор**<br>Ойын: «Сөз тіркесін құрастыр»<br>Берілген сөздер: | сызықтар сызу.<br><br>**«Таулар мен Толқындар»:** Қисық сызықтар арқылы тор көздің үстімен «толқын» жасау (бұл Наурыздағы судың тасуы, көктемгі гүлдердің иілуі іспеттес).<br>**«Ою сызамыз»:** Екі қиғаш сызықты қосу арқылы қарапайым «тұмар» оюының элементін жасау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Көктемгі табиғат» (өлең)<br>**Міндеті:**<br>Өлең арқылы табиғат сұлулығын сезінуге үйрету.<br>Образды сөздерді қабылдау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Мәнерлеп оқу, әңгімелесу, көрнекілік.<br>**Тапсырмалары:** | **Ойын барысы:**<br>Балалар кейіпкер әрекетінің себебін түсіндіріп береді.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Өсімдіктердегі себеп-салдарлық байланыстар<br>**Міндеті:**<br>Өсімдіктердегі қозғалыс пен өзгерістерді бақылау.<br>Күн мен түнге байланысты гүлдердің ашылып-жабылуын түсіндіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бақылау, әңгімелесу, сұрақ-жауап.<br>**Тапсырмалары:**<br>– Гүлдің таңертең және кешке қалай өзгеретінін бақылау<br>– «Неге гүлдер күндіз ашылады?» сұрағына жауап беру<br>– Себеп пен салдарды байланыстырып айту | дағдысын дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, жеке жұмыс.<br>**Тапсырмалары:**<br>– Қиғаш сызықтарды үлгі бойынша сызу<br>– Сызықтардың арақашықтығын сақтау<br>– Өз бетінше қайталау<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Көктемгі еңбек<br>**Міндеті:**<br>Көктем мезгіліндегі еңбек түрлері туралы түсінік беру.<br>Үстеулерді (жақсы, ұқыпты, тез) қолдана отырып, сөйлеуін дамыту.<br>**Тапсырмалары:**<br>Көктемгі еңбек туралы әңгіме<br>«Кім тез айтады?» ойыны<br>«Қалай еңбек етеміз?» сұрағына жауап беру<br>«Қимылмен көрсет» ойыны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жылы, жасыл, әдемі, шуақты.<br>Балалар тіркес құрайды:<br>жылы күн<br>жасыл шөп<br>әдемі гүл<br>шуақты көктем<br>Сөйлем айтады:<br>«Жасыл шөп өсті.»<br>«Шуақты көктем келді.»<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Ойын: «Сөйлемді толықтыр»<br>Қысқа сөйлем: «Қар еріді.»<br>Балалар кеңейтеді:<br>«Көктемде күн жылынып, қар тез еріді.»<br>«Көктемде құстар жылы жақтан қайта келді.»<br>Жай және жайылма сөйлем айтуға жаттығады.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын: «Неге? Не | Өлеңді тыңдау<br>«Қандай сөз?» ойыны<br>Өлең мазмұны бойынша әңгіме<br>«Сөзбен сурет сал» ойыны<br><br>**Мүсіндеу Жапсыру Сурет салу Құрастыру**<br>– Құрастыру: қағаздан қарапайым тұрмыстық зат<br>– Сурет салу: бұйым сұлбасын салу<br>– Мүсіндеу: зергерлік бұйым мүсіндеу<br>– Жапсыру: қосымша материалдармен безендіру<br>Құрастыру: «Қағаздан жасалған сандық»<br>Сурет салу: «Ұлттық бұйым сұлбасы» (Торсық немесе кесе)<br>Мүсіндеу: «Сәнді білезік пен алқа<br>Жапсыру: «Оюлы сырмақ» Құрастыру үшін: Түрлі-түсті картон, желім, қайшы. | | **Дене тәрбиесі** Кеуде жаттығулары кешені<br>Кеуде және арқа бұлшықеттерін нығайту.<br>**I. Кіріспе бөлім**<br>Жай жүріс (1 минут).<br>Жеңіл жүгіру (1 минут).<br>Қолды жоғары көтеріп, тыныс алу жаттығулары.<br>Сапқа тұру, денені жаттығуға дайындау.<br><br>**II. Жалпы дамытушы жаттығулар (6–8 рет)**<br>Қолды алға көтеріп, оңға және солға бұрылу.<br>Қолды желкеге қойып, кеудені жазу.<br>Алға еңкейіп, алақанды аяқ ұшына тигізу.<br>Қолды артқы жағынан айқастырып көтеру.<br>Отырып, алға еңкею.<br>Тізерлеп тұрып, алға еңкею. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үшін?»<br>Неге көктемде қар ериді?<br>Неге құстар көктемде келеді?<br>Балалар 3–4 сөйлеммен толық жауап береді:<br>«Көктемде күн жылынады, сондықтан қар ериді.<br>Құстарға жылы ауа райы керек, сондықтан олар қайта келеді.»<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>Тақырыбы: Өсімдік – тірі тіршілік иесі<br>Міндеті:<br>Өсімдіктің тірі ағза екенін түсіндіру.<br>Өсімдік бөліктерімен (тамыр, сабақ, жапырақ, гүл) таныстыру.<br>Әдіс-тәсілдері:<br>Бақылау, әңгімелесу, көрнекілік.<br>Тапсырмалары: | Сурет салу үшін: А4 қағазы, акварель немесе гуашь, қылқалам.<br><br>Мүсіндеу үшін: Ермексаз (алтын, күміс түстес), стека, жылтыр моншақтар.<br><br>Жапсыру үшін: Мата қиындылары, жүн жіптер, дайын қиылған оюлар (қошқармүйіз).<br>**«Шеберлер ауылы»** атты көрме ұйымдастыру<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**I. Кіріспе бөлім**<br>Жай жүріс (1 минут).<br>Жеңіл жүгіру (1 минут).<br>Қолды жоғары көтеріп, тыныс алу жаттығулары.<br>Сапқа тұру, назар аудару.<br><br>**II. Жалпы** | | **Әдістемелік нұсқау:**<br>Қимылдар біркелкі орындалуы тиіс.<br>Тыныс алу дұрыс сақталуы қажет (еңкейгенде дем шығару, жазылғанда дем алу).<br><br>**III. Негізгі қимыл**<br>Допты екі қолмен басынан асыра 2 м қашықтыққа лақтыру – 6–8 рет.<br>Лақтыру кезінде аяқтың арасы иық деңгейінде, дене тік ұсталуы қажет.<br><br>**IV. Қимылды ойын**<br>«Кім алысқа?» — допты дәлдікпен және алысқа лақтыру.<br>Жарыс элементтері арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. «Дұрыс тамақтану пирамидасы».<br>Күнделікті ас мәзірі туралы әңгіме жүргізу.<br>Пайдалы тағамдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | – Өсімдіктің бөліктерін атау<br>– «Егер өсімдік су ішпесе не болады?» сұрағына жауап беру<br>– Өсімдіктің тірі екенін дәлелдеу | **дамытушы жаттығулар (6–8 рет)**<br>Қолды алға және артқа айналдыру.<br>Оңға-солға бұрылу.<br>Алға еңкею, бастапқы қалыпқа келу.<br>Аяқты алға көтеру (кезекпен).<br>Орнында секіру.<br>Қимылдар біркелкі, тыныс алу дұрыс орындалуы тиіс.<br><br>**III. Негізгі қимылдар**<br>Допты жіп үстінен лақтыру – 6 рет.<br>Допты бір қолмен қағып алу – 6 рет.<br>Допты қабырғаға лақтырып, қайта қағып алу – 6 рет.<br>Лақтыру кезінде көз допта, қимыл дәл әрі үйлесімді орындалуы қажет.<br><br>**IV. Қимылды ойын**<br>«Дәл түсір» — допты жіптен жоғары дәл өткізу. Балалар дәлдікке және зейінге | | таңдау және теңгерімді тамақтанудың маңызын түсіндіру.<br><br>**VI. Қорытынды бөлім**<br>Баяу жүру.<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>Қорытынды жасап, балаларды мадақтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жаттығады.<br><br>**V. Таза ауадағы серуен**<br>Күнделікті қозғалыстың пайдасы туралы қысқаша әңгіме жүргізіледі.<br>Таза ауада еркін қозғалу, жеңіл ойындар ұйымдастыру.<br><br>**VI. Қорытынды бөлім**<br>Баяу жүру.<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>қорытындылау, мадақтау. | | |
| **2 таңғы ас** | **Гигиена:** Тамақтанар алдында «Тазалық – денсаулық кепілі» ережесін қайталап, қол жуудың маңыздылығын ескерту.**Ойын элементі:** Жемістерді жеп болған соң, «Бұл қандай жеміс? Дәмі қандай?» деген сұрақтар арқылы сипаттау дағдыларын дамыту. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | | **– Көлеңке**<br><br>**Бақылау:**<br>Күн ашық кезде балалардың көлеңкесін көрсетіп, ұзындығын салыстыру.<br>Таңертеңгі және түскі көлеңкенің айырмашылығын түсіндіру.<br>Сұрақтар: «Көлеңке қашан пайда болады?», «Неге көлеңке ұзын/қысқа?»<br><br>**Дербес әрекет:**<br>Балалар өз көлеңкесін басып көреді, секіріп байқайды. Көлеңкені қимыл арқылы зерттейді.<br><br>**Еңбек:**<br>Аландағы заттарды реттеу.<br><br>**Қимылды ойын –** | **Көктемгі дыбыстар**<br><br>**Бақылау:**<br>Балалар көздерін жұмып, табиғат дыбыстарын тыңдайды: жел, су тамшысы, құстар дауысы. Әр дыбысты ажыратып айтуға үйрету.<br><br>**Дербес әрекет:**<br>Дыбысты қимылмен бейнелеу (тамшы – саусақпен тықылдату, жел – қолды сермеу).<br><br>**Еңбек:**<br>Ойыншықтарды жинау.<br><br>**Қимылды ойын – «Дыбысты тап»**<br>Тәрбиеші белгілі бір бағытта дыбыс шығарады (алақан соғу). Балалар дыбыс шыққан жаққа | **Күннің жылуы**<br><br>**Бақылау:**<br>Күнге қарап, жылуын сезіну. Қардың күн түскен жерде тез еритінін байқау.<br><br>**Дербес әрекет:**<br>«Күн шықты» қимыл жаттығуы.<br><br>**Еңбек:**<br>Су ағатын жерді реттеу.<br><br>**Қимылды ойын – «Күн шапағы»**<br>Балалар шеңберде тұрады. Бір бала – «Күн». Ол ортада тұрып, «сәулелерін» жібереді (қолын тигізеді). Кімді ұстаса, сол сәуле болып жүгіреді. | **Ауа райы**<br><br>**Бақылау:**<br>Бүгінгі ауа райын сипаттау (жылы, салқын, желді).<br><br>**Дербес әрекет:**<br>«Бүгін ауа райы қандай?» әңгімелеу.<br><br>**Еңбек:**<br>Ойыншықтарды жинау.<br><br>**Қимылды ойын – «Күн шықты – жаңбыр жауды»**<br>«Күн шықты!» – балалар жүгіреді.<br>«Жаңбыр!» – қолымен басын жабады.<br>«Жел!» – айналады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Көлеңкені бас»**<br>Бір бала жүргізуші болады. Ол басқа балалардың көлеңкесін басуға тырысады. Кімнің көлеңкесін басса, сол жүргізуші болады.<br>Ереже: итеруге болмайды, тек көлеңкені басу керек. | жүгіреді.<br>Мақсаты: есту қабілетін дамыту. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | | **«Күн нұры» ояту жаттығуы** Көзді ашпай жатып, қол-аяқты созу. «Күн жарқырап, түс ауа бастады, ұйқымыздан оянамыз!» деп баяу қимылдар жасау. | **«Тұлпар» табан массажы**Түймелі жолдармен, «тас» төсеніштермен жүру. «Тұлпарлар шауып барады» деп, табан нүктелерін белсендіру. | **«Батырлар жаттығуы»** Төсектен тұрған соң, денені тік ұстап, иықты жазу. Күш-қуат жинауға арналған серпінді қимылдар. | **«Достық шеңбері»** (Сумен емдеу) Салқын сумен беті-қолды шаю. «Су – тіршілік көзі, еліміздің өзен-көлі мөлдір болсын» деп ниет ету. |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | «Бір сөзбен ата» Заттарды атап топтастыра білуге үйренеді, тілдік қорлары дамиды. Заттың сипатын дұрыс айтуға үйренеді, танымдық қабілеті артады. (сөйлеуді дамыту) | «Сөйлем құрастыр» Тәрбиеші лотодан суретті 2 карточканы топқа ұсынады. Балалар жарты шеңберге отырады. Кезекпен әрбіреуі суретке қатысты сөйлем құрастырады. (сөйлеуді дамыту) | «Буынға бөл» Сөздерді буынға бөледі. Есту қабілетін, танып білуге деген қызығушылығы артады, ой-өрісі дамиды.(сауат ашу негіздері) | **Жас экологтар» вариативтік сағат Тақырыбы:** Экологиялық ертегілер бойынша саяхат Мақсаты: Балаларды табиғат туралы ертегілерде, табиғатта жүріс-тұрмыстың қабылданған ережесіне сәйкес кейіпкерлердің әрекеттерін талдауға арқылы табиғат тіршілігін әсемдігіне тәрбиелеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | «Ертегілердегі экологиялық саяхат»<br>1-кейіпкер: «Қызыл телпек және ормандағы тәртіп»<br><br>Жағдаят: Қызыл телпек әжесіне бара жатып, жол бойындағы әдемі гүлдерді жұлып, шоқ гүл жасағысы келді.<br><br>Талдау: Балалар оның бұл әрекетінің дұрыс-бұрыстығын айтады. (Гүлдер — аралар мен көбелектердің асы, оларды жұлса, орман сұлулығы жоғалады).<br><br>Ереже: «Табиғатта гүлдерді жұлмаймыз, тек тамашалаймыз!»<br><br>2-кейіпкер: «Мақта қыз бен Мысық» (Экологиялық нұсқа)<br><br>Жағдаят: Мысық сүтті ішіп қойғанда, Мақта қыз оның құйрығын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | кесіп алды. Ал Мысық су сұрап барғанда, өзеннің лас екенін көреді.<br><br>Талдау: Өзенді кім ластауы мүмкін? Су лас болса, мысық пен мақта қыздың күні не болады?<br><br>Ереже: «Су — тіршілік көзі, оны ластауға болмайды!»<br><br>3-кейіпкер: «Ормандағы аңдардың мұңы»<br><br>Жағдаят: Аю мен Қасқыр орманда демалып, от жағып, тамақ жеп, артынан қоқыс тастап кетті.<br><br>Талдау: Олардың қателігін табыңдар. Қоқыс пен өрт орманға қандай зиян тигізеді?<br><br>Ереже: «Өзіңнен кейін қоқыс қалдырма!» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Дидактикалық ойын: «Жақсы және Жаман»<br><br>«Ойлан тап» Балалардың ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын арттыра отырып, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, жинақы болуға тәрбиеленеді және балалардың тілі дамиды.<br>(сөйлеуді дамыту) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Алуа, Азалия, Дилназ, А Зеремен зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтуға жаттықтыру | Сезім, Сезим, Идрис, Т Омармен қысқа мерзімді есте сақтауды дамыту.<br>**тапсырма:** 5–7 сөзді жаттап айту, шағын өлең жаттау. | Сезім, Сезим, Идрис, Т Омармен қарапайым есеп шығару.<br>**тапсырма:**Көрнекілік арқылы қосу, азайту. | Идрис, Т Омармен табиғатқа қамқорлық сезімін қалыптастыру.<br>**тапсырма:** Үй және жабайы жануарларды салыстыру. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | «Бұлт пен күн» **Шарты:** «Күн» дегенде еркін ойнайды, «Бұлт» дегенде бір жерге жиналады. | «Құстар оралды» **Шарты:** Балалар құс болып ұшады (жүгіреді). «Ұяға!» дегенде шеңберге кіреді. | «Лайдан сақтан» **Шарты:** Шеңберлер (көлшік) қойылады. Балалар секіріп өтіп, ішіне түспеуі керек. | «Кім жылдам?» **Шарты:** Белгі бойынша белгіленген жерге дейін жүгіріп, кері қайту. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау ( **мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **( сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | **Ұлттық және қимылды ойындар**«Асық ату», «Арқан тартыс», «Орамал тастамақ». Балалардың ептілігі мен намысын ояту.Асықтар, арқан, түрлі-түсті орамалдар. | **Үстел үсті-баспа ойындары**«Қазақстанның сұлу табиғаты» пазлы, «Кім жылдам?» (рәміздерді табу), «Лото: Ұлттық киімдер».Пазлдар, карточкалар, лото жиынтығы. | **Бейнелеу іс-әрекеті**«Менің туған өлкем» (еркін сурет салу), пластилиннен «Қазақ оюларын» мүсіндеу.Бояулар, қағаз, пластилин, ою үлгілері. | **Кітап қарау және оқу**«Алтын сақа», «Ер Төстік» ертегілерінің суреттерін тамашалау. Отан туралы суретті альбомдар.Иллюстрацияланған кітаптар, фото-альбомдар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | .. | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру | Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру | Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). | Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** |

13.03.2026 ж
Бекітемін
[signature]

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**<u>Наурыз айы 2026 жыл 3 апта</u>**

Топ: «Балдырған» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Тәрбиешілер: Тутелбай А.Қ.
Дуйсеналина Ж.Ж

**Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы.**
Апта дәйексөзі : «Мен – Қазақстанның баласымын!»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 16.03.2026 ж | Сейсенбі 17.03.2026 ж | Сәрсенбі 18.03.2026 ж | Бейсенбі 19.03.2026ж | Жұма 20.03.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Менің есімім – мақтанышым»**Балаларды есімімен атап, жылы қарсы алу. «Менің есімімнің мағынасы» атты қысқаша сұхбат. (Қазақи есімдердің мәнін ашу). | **«Менің рәміздерім»** Тәрбиеші балалармен бірге Мемлекеттік Ту мен Елтаңба алдында тоқтап, «Бұл біздің елдің белгілері» деп таныстырады. Кішігірім «Менің Туым» төсбелгілерін тарату. | **«Менің Отанымның табиғаты»**Балаларды үнтаспадан құстардың сайрауы немесе домбыра күйімен қарсы алу. «Қазақстанның қай жерінде болдың?» деген тақырыпта фото-альбом қарау. | **«Мен – болашақ иесімін»**Балалардан болашақта кім болатынын және Отанына қалай пайда тигізетінін сұрау. «Арман қала» конструктор ойынын бастау. | **«Менің тілегім – бейбітшілік»**Таңертең балалармен бірге «Шаңырақ» астында шеңбер құру. Әр бала «Мен Қазақстан баласымын, сондықтан...» деп сөйлемді аяқтайды (мысалы, «...әдептімін», «...білімдімін»). |
| | **Күй күмбірі** «Кең жайлау» https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-adaj-ken-zhajlau/16467 **Адал азамат біртұтас тәрбие** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **«Отан отбасынан басталады»Жеке әңгіме:** Балаға өз тегін, жеті атасын және туған жерін білудің маңыздылығы туралы кеңес беру. Отбасылық шежіре жасауды ұсыну. | **«Мемлекеттік рәміздерге құрмет»Ақпараттық парақша:** Үйде баламен бірге Тудың түсі, Елтаңбаның мағынасы туралы сөйлесу. Әнұранды бірге тыңдап, дұрыс тұруды үйрету. | **«Наурыз – салт-дәстүр мейрамы»Кеңес беру:** Балаға ұлттық тағамдардың пайдасын түсіндіру (наурыз көже, құрт). Үйде ұлттық ойындар (асық, тоғызқұмалақ) ойнауға шақыру. | **«Патриоттық тәрбие – болашақ кепілі»Дөңгелек үстел (қысқаша):** Баланың алдында ел туралы, жер туралы тек жақсы пікір айтудың маңызы. «Мен – Қазақстан азаматымын» деген мақтаныш сезімін ұялату. | **«Демалысты қалай өткіземіз?»Ұсыныс:** Демалыс күндері қаланың көрікті жерлеріне, мұражайларға немесе тарихи ескерткіштерге баруды жоспарлау. Туған өлкенің табиғатын аялауға баулу. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Көңіл-күйді бейнеле» Көңіл-күй суреттерін таба алады. *(қоршаған әлеммен танысу)* | «Ретімен әңгімеле» Балалар суреттер бойынша әңгімелеп құрастыра алады. *(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)* | «Шытырман» Суретті қателерді табады. *(сөйлеуді дамыту, сурет салу)* | **«**Қай мезгілде болады? Суреттен мезгіл құбылыстарын айта алады. *(қоршаған әлеммен танысу)* | Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау<br>1. Б.қ: қол белде. 1 – қолды артқа қою – дем алу; 2 – б.қ – дем шығару. Иықты көтереміз. Сол сияқты, б.қ. – тан, қол төменде. 6 – 8 рет қайталау.<br>2. Б.қ: оң жақпен жату, оң қол бастан жоғары. 1 – 2 – сол аяқты артқа, сол қолды алға, 3 – 4 – б.қ. Жаттығуды 3 – 4 рет жасау, сосын сол жақпен жату.<br>3. Б.қ: екі аяқты алшақ қою, қол белде. 1 – отыру, тізе алда; 2 – тізерлеп отыру; 3 – тағы отыру; 4 – б.қ. Басты төмен түсірмеу. 5 – 6 рет қайталау.<br>4. Б.қ: Арқамен жату, екі қол екі жақта. 1 – 2 – еденнен аяқты алмай, сол жаққа аударылу, оң алақанды сол алақанға тигізу; 3 – 4 – б.қ. Сол сияқты келесі жаққа. Аяқты бүкпеу. 5 – 6 рет қаталау.<br>5. Б.қ: отыру, аяқты бірге түзу қойып ұстау, қолды артқа таяну. 1 – оң аяқты көтеру, аяқтың ұшын көтеру; 2 – б.қ; 3 – 4 – сол сияқты келесі аяқпен. Сол сияқты екі аяқты бір уақытта көтеру. 6 рет қайталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6. Б.қ: екі аяқты алшақ қою, қолды желкеге қою. 1 – 2 – оңға иілу, екі қол жоғарыда; 3 – 4 – б.қ. Сол сияқты келесі жаққа. Басты түзу ұстау. 5 рет қайталау.<br>7. Оң аяқпен секіру, үнемі оңға бұрылып отыру. Сол сияқты солға бұрылу. 3 – 4 рет қайталау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі.** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
